БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 240 (9558) | 1954 жылғы 4 декабрь Сенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ЕВРОПАЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ЕВРОПАДА БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ХАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ.
Кеңестің мәжілістері туралы мазмұндамалар (1-бет).
ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің Декларациясы (1-2-беттер).
ЕВРОПАЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ЕВРОПАДА БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ХАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ КҮНДЕЛІГІ (2-3-беттер).
К. Есімов.— Халық қалаған кандидат (3-бет).
И. Пронин. —Халық тұтынатын товарларды көп өндірейік (3-бет).
МАЛДЫҢ ҚЫСҚЫ КҮТІМІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛСЫН: **Б. Жақыпов.** —Қорытынды шығаратын уақыт жетті. **Х. Рахматуллин.** — «Зәветы Ильича» колхозында мал қыстатудың барысы нашар (3-бет).
КИНО: **Д. Әуелбеков.** —«Үлкен семья» (4-бет).
А. Тоқтамысов. —Машинистер мен диспетчерлердің ынтымағы (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

ЕВРОПАЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ЕВРОПАДА БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ХАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

1954 жылғы 2 декабрьдегі төртінші мәжліс туралы

МАЗМҰНДАМА

2 декабрьде европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесінің төртінші, қорытынды мәжілісі болды. Чехословак делегациясының басшысы, Чехословак Республикасының премьер-министрі Вильям Широкий председательдік етті.

Мәжлісте ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің бірлескен Декларациясының жобасы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде Кеңеске қатысқан мемлекеттер делегацияларының барлық мүшелері бұл Декларацияның текстін қабылдайтының мәлімдеді. Декларацияға қол қою 2 декабрьде кешкі сағат 6-да Кремльде өткізіледі деп келісілді.

Мәжлістің соңында Қытай Халық Республикасының өкілі, Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Чжан Вэнь-тянь мәлімдеме жасады.

Кеңесті жабар кезде мәжлісте председательдік еткен Чехословак Республикасы делегациясының басшысы Вильям Широкий қорытынды сөз сөйледі.

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің

Қорытынды Мазмұндамасы

1954 жылғы 29 ноябрьден 2 декабрьге дейін Москвада европалық елдердің —Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Поляк Халық Республикасының, Чехословак Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Болгар Халық Республикасының, Албан Халық Республикасының Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесі болып өтті.

Кеңеске жоғарыда көрсетілген мемлекеттердің төменде аталған өкілдері қатысты:

Советтік Социалистік Республикалар Одағынан —ССР Одағының Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы істер Министрі **В. М. Молотов** (делегацияның басшысы), ССРО Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары **А. А. Громыко,** РСФСР Министрлер Советінің Председателі **А. М. Пузанов,** Украин ССР Министрлер Советінің Председателі **Н. Т. Кальченко,** Белорус ССР Министрлер Советінің Председателі **К. Т. Мазуров,** Латыш ССР Министрлер Советінің Председателі **В. Т. Лацис,** Эстон ССР Министрлер Советінің Председателі **А. А. Мюриселп,** Литван ССР Министрлер Советінің Председателі **М. А. Гедвилас,** ССРО Сыртқы істер министрінің орынбасары **В. А. Зорин;**

Поляк Халық Республикасынан —Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Юзеф **Циранкевич** (делегацияның басшысы), Сыртқы істер министрінің орынбасары Мариан **Нашковский,** Поляк Халық Республикасы ССРО-

ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің

ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Поляк Халық Республикасының, Чехословак Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Болгар Халық Республикасының және Албан Халық Республикасының өкілдері, Қытай Халық Республикасынан байқаушының қатысуымен, кейбір батыс мемлекеттерінің Лондон мен Париж кеңестерінің қарарларына байланысты Европада туған жағдайды қарау үшін Москвада Кеңеске жыйналды.

Бұл Кеңеске қатысушы мемлекеттердің үкметтері туған жағдайды талқылауға қатысуды европалық елдердің бәрі бірдей мүмкін деп ташпағаны жөнінде қынжылғандық білдіреді. Бұл Кеңеске сонымен қатар Лондон мен Париж кеңесімдерінің инициаторлары: Америка Құрама Штаттары, Франция және Англия да қатысқан жоқ. Олардың 29 ноябрьдегі жауабы Париж келісімдерін қайткен күнде де бекіттіруге тырысып отырғандығын көрсетеді.

23 ноябрьде Парижда болған кеңесте Батыс Германияға қатысы бар келісімдерге қол қойылды, ал мұның алдында тоғыз елдің: Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Францияның, Батыс Германияның, Италияның, Бельгияның, Голландияның, Люксембургтің, Канаданың Лондонда кеңесі болып өтті. Бұл келісімдер Батыс Германияны ремилитарландыруды және оны соғыс топтарына —Солтүстік-атлантикалық блокке және жаңадан топтастырылып жатқан, «Батысевропалық одақ» дейтінге қатыстыруды көздейді.

Тілті жақында ғана атышулы «Европалық қорғаныс бірлестігі» бетке ұсталып, Батыс Германияны ремилитарландыру жолымен герман милитаризмін қалпына келтіруге әрекет жасалған болатын. Бұл әрекеттер европалық халықтар және еңалдымен, француз халқы тарапынан заңды қарсылыққа кездесіп, күйреген болатын. Ал кәзір герман милитаризмін қалпына келтіруге басқа сылтаумен әрекет жасалуда, соның өзінде осы мақсатпен Париж келісімдерін бекітуді тездеттіру үшін барлық шаралар қолданылуда.

Мұндай жағдайда осы Кеңеске қатысушы мемлекеттердің үкметтері Париж келісімдерін жүзеге асырудың Европада халықаралық жағдайды мықтан нашарлатуға өкеліп соқтыратынына барлық европалық мемлекеттердің назарын аударуды қажет деп санайды. Бұл келісімдерді жүзеге асыру герман мәселесін шешу жолында, бейбітшіл және демократиялық мемлекет ретінде Германияның бірлігін қалпына келтіру жолында жаңа, бұрынғыдан да зор кедергілер тудырып қана қоймайды, сонымен бірге Германияның бір бөлегін оның басқа бөлегіне қарамақарсы қойып, Батыс Германияны Европадағы жаңа соғыстың хауіпі ошағына айналдырады. Герман мәселесін бейбітшілікпен шешуге көмектесудің орнына, бұл келісімдер Батыс Германиядағы милитаристер мен кешкілдерге еркіндік беріп, Европа халықтарының хауіпсіздігіне төнетін қатерді күшейте түседі.

Париж келісімдері халықаралық қатынастардағы шиеленісті онан әрі бәсеңдетудің соңғы кезде байқалған мүмкіндіктеріне тікелей қайшы келеді. Бейбітшіл мемлекеттердің күш-жігері арқасында, өткен жылдың орта шенінде Кореядағы соғыс тоқтатылды. Быйылғы жылғы болған Женева кеңесі Индо-Қытайдағы сегіз жылдан бергі соғысты тоқтатуға және бұл ауданда жағдайды белгілі дәрежеде реттеуге көмектесті. Сонымен бірге Біріккен Ұлттар Ұйымында да қару-жарақты жаппай азайту және атом қаруына тыйым салу туралы мәселе

тиянды күштерді басып-туншықтыруға бағытталған. Париж келісімдері Батыс Германия үшін кәзіде отырған жағдайлар гитлершілдер өкмет басына келуден сәл бұрын Германияда болған жағдайға көбірек ұқсайды. Жұртқа мәлім, Германияның сол кездегі президенті Гинденбургтің «тотенше жағдай» енгізілетін правосын герман милитаристері демократиялық праволар мен бостандықтарды жою үшін, жұмысшы ұйымдарын жазалау үшін, Германияда фашистік диктатура орнату үшін пайдаланған болатын.

Париж келісімдерінде «оккупациялық тәртіптің тоқтатылатыны» туралы және Батыс Германияға «суверенитет» дейтіннің берілетіні туралы айтылған. Бірақ іс жүзінде, Париж келісімдерінде айтылып отырған Батыс Германияның «суверенитеті» батысгерманиялық милитаристер мен кешкілдерге армия құру правосын берумен ғана тындырылып, бұл армияны Париж келісімдерінің инициаторлары өз мақсаттары үшін зеңбірек жемтігі ретінде пайдалануға ұйғарып отыр. Мұнымен бірге, Париж келісімдері Батыс Германияның территориясын АҚШ, сондай-ақ Англия мен Франция әскерлерінің оккупациялауын 1998 жылға дейін созуды оған таныс отыр, сейтіп, Батыс Германияны АҚШ-тың Европадағы агрессиялық мақсаттарына қызмет ететін негізгі соғыс тірегіне айналдыруды көздеп отыр. Міне мұндай жағдайда, әсресе Париж келісімдері кірістірілген бонн договорының негізгі ережелерінің бәрін күшінде қалдырып отырғанын ескертетін болсақ, Батыс Германияның «суверенитеті» дейтін жайындағы мәлімдемелердің құны қанша екенін түсіну қыйын емес.

Париж келісімдерін, батыс елдердің кейбір мемлекет қайраткерлерінің жасап отырған мәлімдемелеріне қарамастан, герман проблемасын реттеуден іс жүзінде бастартқандық, бейбітшіл және демократиялық негіздерде Германияның бірлігін қалпына келтіруден ұзақ уақытқа дейін бастартқандық деп қана қарауға болады. Батыс Германияны ремилитарландыру және оны соғыс топтарына қатыстыру жоспарлары кәзіргі уақытта Германияны ұлттық жағынан қайта қосу жолында тұрған негізгі кедергі болып табылады. Мұның мәнісі—осындай кедергіні жою Германияның бірлігі мен суверенитетін қалпына келтіру туралы және бұл үшін, герман халқының мүдделерін ойдағыдай ескере отырып, жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу туралы төрт державаның келісімге жетуіне мүмкіндік тудырған болар еді деген сөз.

Батысгерманиялық жарты миллиондық армия құруға және оны қаруландыруға бонн саясатшыларының есептері бойынша шамамен бір жүз миллиард марка қаржы керек, ал мұның бүкіл ауыртпалығы Батыс Германия еңбекшілерінің мойнына, еңалдымен жұмысшы табының мойнына түсетін болады, мұның өзі олардың тұрмыс дәрежесін мейлінше төмендетпей қоймайды. Батыс Германияны ремилитарландыру тек батысгерманиялық ірі монополияларға ғана және олармен тығыз байланысты, жаңадан құрылып жатқан батысгерманиялық армия үшін қару-жарақ беруден көп пайда түсіреміз деп кәзіргідей өзінде-ақ дөмеленіп отырған АҚШ-тың, Англияның және Францияның ең ірі монополияларына ғана пайда келтіреді. Қару сатушы бұл саудагерлер соғыстан әлде неше рет көп пайда түсірген болатын, ал бұл соғыс Европаның халықтарын тек сансыз көп құрбандықтар мен зор мұқтаждыққа ұшыраткан болатын.

Дүниежүзілік екінші соғысқа дейін герман концерндері шетелдік, әсресе,

Халық ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Вацлав **Левиковский;**

Чехословак Республикасынан —Чехословак Республикасының премьер-министрі Вильям **Широкий** (делегацияның басшысы), Сыртқы істер министрі Вацлав **Давид,** Құрылыс министрі Эмануиль **Шлехта,** Денсаулық сақтау министрі Иозеф **Плойгар,** Чехословак Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Яромир **Вошаглик;**

Герман Демократиялық Республикасынан— Герман Демократиялық Республикасының премьер-министрі Отто **Гротеволь** (делегацияның басшысы), премьер-министрдің орынбасары Вальтер **Ульбрихт,** премьер-министрдің орынбасары және Сыртқы істер министрі доктор Лотар **Больц,** премьер-министрдің орынбасары Отто **Нушке,** премьер-министрдің орынбасары және Финанс министрі доктор Ганс **Лох,** Германияның демократиялық шаруа партиясының бас секретары Бертольд **Розе,** Герман Демократиялық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Рудольф **Аппельт;**

Венгер Халық Республикасынан —Венгер Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Андраш **Хегедюш** (делегацияның басшысы), Сыртқы істер министрі Янош **Болдоцки,** Сыртқы істер министрінің орынбасары Эндре **Шик,** Венгер Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Ференц **Мюнних;**

Румын Халық Республикасынан —Румын Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Киву **Стойна** (делегацияның басшысы), Сыртқы істер министрі Симион **Бугич,** Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Григоре **Преотяса,** Румын Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Ион **Раб;**

Болгар Халық Республикасынан —Болгар Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Антон **Югов** (делегацияның басшысы), Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Георгий **Трайков,** Сыртқы істер министрі Минчо **Нейчев,** Болгар Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Карло **Луканов;**

Албан Халық Республикасынан —Албан Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің орынбасары Мануш **Муфтиу** (делегацияның басшысы), Сыртқы істер министрі Бехар **Штюлла,** Албан Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі Михаль **Прифти.**

Кеңеске сонымен қатар Қытай Халық Республикасының өкілі — Сыртқы істер министрінің орынбасары, Қытай Халық Республикасының ССРО-дағы Төтенше және Полномочиелі елшісі **Чжан Вэнь-тянь** байқаушы ретінде қатысты.

Кеңеске қатысушылар кейбір батыс мемлекеттерінің Батыс Германияны ремилитарландыру және оны Европаның бейбітшіл мемлекеттеріне қарсы бағытталған соғыс топтарына қатыстыру жайындағы сепараттық Париж келісімдеріне қол қоюымен байланысты Европада туған жағдайды жан-жақты қарап шықты.

Кеңес шын пейілді, достық жағдайында өтті және Париж келісімдері бекітілген жағдайда Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету мүдделері үшін қолдану қажет болатын шаралар жөнінде толық бірауыздылық бар екенін көрсетті.

Кеңес ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің бірлескен Декларациясын қабылдады.

Декларацияға қол қойылуы

2 декабрьде кешкі сағат 6-да Кремльде ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің бірлескен декларациясына қол қойылды.

Декларацияға қол қойғандар:

Советтік Социалистік Республикалар Одағынан —**В. Молотов.**
Поляк Халық Республикасынан —**Ю Циранкевич.**
Чехословак Республикасынан —**В. Широкий.**
Герман Демократиялық Республикасынан —**О. Гротеволь.**
Венгер Халық Республикасынан —**А. Хегедюш.**
Румын Халық Республикасынан —**К. Стойна.**
Болгар Халық Республикасынан —**А. Югов.**
Албан Халық Республикасынан —**М. Муфтиу.**

Декларацияға қол қойған кезде Кеңеске қатысушы мемлекеттер делегацияларының барлық мүшелері, сонымен қатар Кеңеске байқаушы ретінде қатыскан Қытай Халық Республикасының өкілі Чжан Вэнь-тянь болды,

Декларацияға қол қою Н. А. Булганин, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, М. Г. Первухин, М. З. Сабуров, Н. С. Хрущев, А. Н. Косыгин, В. А. Малышев, И. Ф. Тевосян, М. А. Суслов жолдастардың, Маршал А. М. Василевскийдің, Маршал Г. К. Жуковтың және басқалардың қатысуымен өтті.

жолдағы келіссөздерге белгілі дәрежеде ығы алға басқандық байқалғанын да атап көрсетпеуге болмайды. Міне, мұның бәріне халықаралық жағдайды шиеленістіруге тырысып отырған кейбір мемлекеттердің агрессиялық топтарының позициясына қарамастан қол жетті.

Солай бола тұрса да, дәл кәзіргі кезде, пісуі жеткен халықаралық проблемаларды реттеу жағдайы жақсарып отырған уақытта, Лондон мен Париж келісімдеріне қатысушы бірқатар мемлекеттердің басшы топтары герман милитаризмін қалпына келтіруге хәуіпті бағыт ұстап, бұл қадамның зардаптарымен санаспай отыр.

Париж келісімдері жарты миллиондық армия құруды кездейді. Бұл батысгерманиялық қарулы күштердің саны бір кезде Версаль бітім договоры бойынша бүкіл Германия үшін рұқсат етілген армияның мөлшерінен бес есе асып түседі, ал оның бер жағында сол кезде құрылған жүз мың адамдық герман рейхсверінің көп миллиондаған гитлерлік армия құруға база болғаны жұртқа мәлім.

Герман милитаристері батысгерманиялық армияны онан әрі өрістетіп, оны 12 дивизиядан 30 дивизияға, ал содан кейін 60 дивизияға дейін жеткізу ниетін кезден отырғанын кәзірдің өзінде-ақ жасырмай айтуда. Батыс Германияның армиясын құру іс жүзінде «Батысевропалық одақтың» басқа қатысушыларының армияларынан үстем болады деген сөз, ал мұның өзі Батыс Германия милитаристерінің қолына берілген қарулы күштердің Батыс Европада үстемдік жағдайда болуына сәсіз әкеліп соқтырады.

Батысгерманиялық армия құрумен байланысты хәуіптің өзі мынадан-ақ айқын көрінеді. Бұл армияның басшылығына тіпті жақында ғана Шығыс Европаның, сондай-ақ Батыс Европаның халықтарына қарсы фашистік агрессияны ұйымдастырушылар және оған қатысушылар болған бұрынғы гитлерлік армияның бас штабының өкілдері қойылуда.

Германияның соғыс күштерін жою туралы халықаралық келісімдерге қарамастан, Батыс Германияда соғыс өнеркәсібі ашықтан-ашық қалпына келтірілуде. Рурдың ауыр өнеркәсібі қару-жарақ өндіруге барған сайын көбірек көшірілуде. Бұл арада әңгіме сан рет басты арсенал болып, герман милитаристерінің агрессиялық соғыстары үшін қару жасап беріп келген белгілі Рур жайында болып отырғанын ұмытпау керек.

Мұның үстіне, Париж келісімдері Батыс Германияда атом және сутегі қаруын өндіруге мүмкіндік беретін атом зертхеулерін жүргізуге, сонымен қатар Батыс Германияны басқа мемлекеттер тарапынан атом қаруымен жабдықтауға жол ашып береді. Бұл келісімдерге сәйкес батысгерманиялық армия өзінің қаружарағында атом қаруы болуына мүмкіндік алады.

Мұның мәнісі —тіпті жақында ғана, қанқұйлы гитлерлік «жаңа тәртіп» орнатпақ болып, Европада өлім мен бүліншілік тудырған, тұтас халықтарды құртып жіберуді өздеріне мақсат етіп қойған адамдардың қолына атом қаруы беріледі деген сөз. Дәл сол адамдар миллиондаған бейбіт азаматтарды—поляктарды, орыстарды, еврейлерді, украиндарды, белорустарды, французздарды, сербтерді, чехтарды, словактарды, белгиялықтарды, норвегтерді және басқаларды өлім лагерьлерінде азаптап өлтірген болатын.

Мұның мәнісі —өздерінің Европадағы кекшілдік жоспарларын кәзірдің өзінде-ақ мәлімдеп отырған адамдардың қолына атом қаруы беріледі деген сөз. Бұл келісімдерді жүзеге асыру халықтар үшін, әсресе Европаның халқы неғұрлым жиі орналасқан аудандарының халықтары үшін ауыр зардаптары болатын қырғын атом соғысының қатерін анағұрлым күшейте түседі.

Ремилитарландырылған Батыс Германияны батысевропалық соғыс одағына енгізу герман милитаризмінің ұлғаюына қайдағы бір шектелген шеңберлерде ұстап тұруға мүмкіндік береді дейтін үміттер Европа халықтарының заңды сенімсіздігін тудыруда. Мұндай әрекеттер бұдан бұрын да жасалған болатын. Бірақ бұл әрекеттер күйретілген болатын. Герман милитаризмін қайта тудыруға жол ашатырып және оған қарсы қайдағы бір кепілдіктердің тиімсіз екендігі мүлде айқын болып отырған кепілдіктерді ойлап табамыз деген үмітпен алдана отырып, Европада бейбітшілікті қамтамасыз етуге болмайды. Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін герман милитаризмін қайта тудырудың өзін мүмкін болмайтындай ету қажет.

Батыс Германияны ремилитарландырудың мәнісі —оның ішінде милитаристік және кекшіл күштердің ролі мен ықпалы барған сайын артта түседі деген сөз. Ал мұндай жағдай Батыс Германияда демократиялық бостандықтарды онан әрі жоюға және Батыс Германияны милитаристік мемлекетке айналдыруға сәсіз әкеліп соқтырады болар еді. Ерекше жағдай сол, Париж келісімдерінде Батыс Германия халқының демократиялық праволарын қамтамасыз ету туралы ережелер үшін орын табылмаған, бірақ оның есесіне келісімдерде батысгерманиялық өкмет орындарының «төтенше жағдай» туралы заңдар қабылдайтын міндеттемелері келтірілген, ал мұның өзі халықтың демократиялық праволары мен бостандықтарына көріне қарсы бағытталып отыр.

Париж келісімдері, герман милитаризмін қалпына келтіріп және милитаристерге нақты өкмет билігі мен төтенше праволар бере отырып, Батыс Германияда соғыс диктатурасын орнатуға жол ашады. Бұл келісімдердің герман халқының мүдделеріне жат екендігі былай тұрсын, сонымен бірге бұл келісімдер неміс жұмысшы табына тура қарсы бағытталған, Батыс Германиядағы демокра-

---

американдық монополистердің қолдауымен және тікелей қатысуымен қайтадан агрессия үшін қару шығарған кезде болған жағдай кәзіргі уақытта қайталанып отыр. Бір кезде дүниежүзілік екінші соғысты әзірлеуге және бастауға демеу берген капиталистік монополиялардың ықпалы кәзіргі уақытта да АҚШ-тың мемлекеттік өкмет органдарында барған сайын арта түсуде.

Кәзірде де кейбір державалардың және ең алдымен, Америка Құрама Штаттарының басшы топтарының герман милитаризмін қайта тудыруға бағыт ұстап, өздерінің империалистік жоспарларын жүзеге асыруда Батыс Германияны ремилитарландыруға сүйенбекші болып отырғанын Париж келісімдері айқын көрсетеді. Бұл келісімдер арқылы АҚШ, Англия және Франция агрессиялық топтарының герман милитаризмі мен соғыс блогі құрылуда. Бұл келісім герман халқының, сондай-ақ басқа да европалық мемлекеттер халықтарының ту сыртынан жасалған келісім болып табылады, ал осы келісімдерді әзірлеген кезде бұл халықтардың пікірін ешкімнен де сұрамағаны жұртқа мәлім.

Мұндай агрессиялық блок Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік мүдделеріне қызмет ете алмайды. Бұл блокты құру Европадағы бүкіл жағдайды шиеленістіреді, дүниежүзілік жаңа соғыс қатерін анағұрлым күшейте түседі.

Жаңа соғыс блогін құру одақ және өзара көмек туралы 1944 жылғы Француз-Совет договорына, соғыстан кейінгі ынтымақ және өзара көмек туралы 1942 жылғы Ағылшын- Совет договорына қайшы келеді. Өйткені бұл договорды герман милитаризмі тарапынан жаңа агрессия жасалуына мүмкіндік бермеу үшін Францияның, Англияның және Совет Одағының бірлескен шаралар қолдануын кездейді. Жаңа соғыс блогін құру сонымен қатар осы Кеңеске қатысушы мемлекеттердің де, сондай-ақ басқа мемлекеттердің де Европаның барлық мемлекеттер үшін бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатын көздейтін халықаралық келісімдеріне қайшы келеді. Батыс Германияны ремилитарландыру және оны соғыс топтарына қатыстыру герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеу жөнінде Америка Құрама Штаттары, Англия, ал содан кейін Франция да Потсдам келісімі бойынша өздеріне алған халықаралық міндеттемелермен де сыйыспайды. Құрама Штаттардың, Францияның және Англияның бұл договорлар мен келісімдер бойынша өздеріне алған міндеттемелерін осылай бұзуы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда болатын сенімді нашарлатады және Европа халықтарының хауіпсіздігіне мүлде қайшы келеді.

Осы жаңа соғыс тобын құру мұның өзі блокке қатысушы мемлекеттердің хауіпсіздігі үшін қажет болып отыр-мыс деген сылтаумен дәлелденуде, ал шындығында бұл мемлекеттерге ешкім де қатер төндіріп отырған жоқ. Батыс Германияны ремилитарландыруды және оны кейбір батыс елдерінің соғыс топтарына енгізуді Совет Одағымен және халықтық демократия елдерімен қатынастарды «күш жұмсау тұрғысынан» орнату қажет болып отыр-мыс дегенмен ақтауға әрекет жасалуда. Соның өзінде мұндай саясат келіссөздер жүргізу және реттелмеген халықаралық проблемаларды шешу үшін неғұрлым қолайлы жағдай тудыруға көмектеседі-міс деп, істің жайы бұрмаланып көрсетілуде. Жоғарыда көрсетілген, кәзірдің өзінде-ақ белгілен барынша айрылған бұл саясатты жақтаушылар кейбір батыс державаларының империалистік топтарына тиімді қарарларды өздерінің басқа мемлекеттерге күшпен қабылдатқысы келетінін жасырмай отыр. Ал іс жүзінде бұл топтардың дүние жүзіне үстемдік орнатуға тырысқан әрекеттері осының өзінен айқын көрінуде. Бірақ, дүние жүзіне үстемдік орнатуға дәмеленгендердің бұл сыяқты әрекеттерінің немен тынғанын ұмытпаған жөн болар еді.

Кейбір европалық мемлекеттердің Европаның басқа мемлекеттеріне қарсы бағытталған соғыс топтарының бұрынғы кезде де болғаны жұртқа мәлім. Дүниежүзілік екінші соғыстың қарсаңында гитлерлік Германия мен фашистік Италия агрессиялық соғыс тобын құрып, оған милитаристік Жапония келіп қосылған болатын. «Антикоминтерндік шарт» деген атпен мәлім болған бұл топтың ұйымдастырушылары оның құрылғанын «идеологиялық» сыттаулармен ақтауға тырысқан-ды. Бірақ, іс жүзінде бұл бүркеншілік перде ғана болып, олар дүние жүзіне үстемдік орнату мақсатын көздеген осы соғыс блогінің шын мәнісіндегі агрессиялық сипатын осы пердемен жасыруға тырысқан болатын. Дүниежүзілік екінші соғысты бастағаны үшін басты жауапкершіліктің осы соғыс тобын ұйымдастырушыларға жүктелетіні жұртқа мәлім.

Осы сыяқты жағдай кәзіргі уақытта да қайталанып, жаңа соғыс топтарын құруды олардың ұйымдастырушылары мемлекеттердің қоғамдық құрылысындағы айырмашылықты сылтау етіп ақтауға тырысуда. Бірақ, «антикоминтерндік» шартты дүниежүзілік соңғы соғысты әзірлеу және бастау үшін пайдаланған. бұл шартты құрушылардың мәлімдемелерінде қанша шындық болса, кәзіргі соғыс топтарын ұйымдастырушылардың мәлімдемелерінде де соншалық қана шындық бар.

Осының бәрі мынаны көрсетеді: кейбір батыс мемлекеттерінің ремилитарландырылған Батыс Германия қатыстырылатын соғыс топтары, бұл топтардың құрылуын қандай сылтаулармен болса да ақтауға қаншама әрекет жасалса да, Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік ісіне қызмет ете алмайтыны былай тұрсын, қайта, мұның керісінше Европадағы жағдайды мықтап қыйындатады және барлық Европалық, тіпті Европадан тыс мемлекеттер үшін көптеген хауіпті зардаптары болатын жанталаса қаруланудың күшейтілуін сөзсіз тудырады.

(Соңы 2-бетте).

ЕВРОПАЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ЕВРОПАДА БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ХАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

ССРО, Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Болгар Халық Республикасы және Албан Халық Республикасы үкметтерінің

ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Егер жоғарыда көрсетілген Европадағы соғыс топтары жарында армиялар, соғыс авиациясы және басқа қару- жарақ құралдары арттырылып, істің жайы агрессияшыл герман милитаризмін қалпына келтіруге тірелетін болса, онда Европаның басқа мемлекеттері өздерін қорғау үшін, шабуылға жол бермеу үшін тиімді шаралар қолдануға амалсыздан мәжбүр болады. Міне бұдан мынадай қорытынды туады. Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі барлық мемлекеттер герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеуге, жанталаса қаруланууды күшейту мүмкіндігінен сақтануға және Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде барлық европалық мемлекеттердің күш- жігерін біріктіру ісіне көмектесуге күш салуға тиіс.

Герман мәселесін реттеу Европада бейбітшілікті нығайту ісіндегі басты міндет болып табылады деп таныр, ССРО-ның, Поляк Халық Республикасының, Чехословак Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Болгар Халық Республикасының және Албан Халық Республикасының үкметтері герман мәселесін шешу үшін еңалдымен мыналарды істеу қажет деп санайды:

Батыс Германияны ремилитарландыру және оны соғыс топтарына қатыстыру жоспарларынан бас тарту, мұның өзі Германияны бейбітшіл және демократиялық негіздерде қайта қосу жолында тұрған басты кедергіні жояды;

1955 жылы жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу және осының негізінде біртұтас, демократиялық, бейбітшіл Германияның жалпыгерманиялық үкметін құру туралы келісімге жету.

Міне сонда, сайлап келгенде, Германиямен бітім договорын жасасу мүмкін болады, мұның өзі Европада бейбітшілікті баянды ету үшін қажет.

Мынаны мойындау керек: Совет Одағының ұсынып отырғанындай, оккупациялық әскерлерді Шығыс және Батыс Германияның территориясынан әкету Германияның екі болегін жақындастыруға және Германияның бірлігін қалпына келтіру міндетін шешуге көп жағынан көмектескен болар еді.

Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету, мұның өзі Европаның барлық бейбітшіл халықтарының және герман халқының өзінің мүдделеріне сай келіп отырғанындай, Германияны біріктіру туралы мәселе жөнінде мүдделі державалар арасында келісімге жетуді талап етеді. Америка Құрама Штаттарының, Францияның және Англияның Батыс Германияны ремилитарландыруға және оны соғыс топтарына қатыстыруға ұстаған бағыты мұндай келісімге жетуге мүмкіндік бермейді. Бұл бағыттың европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектеспейтіні былай тұрсын, қайта барлық бейбітшіл халықтардың көз алдында Европадағы бейбітшілікті сақтауға қатер төндіретін саясаттың белгісі болып табылады.

Европалық бір мемлекеттердің европалық басқа мемлекеттерге қарсы бағытталған бір түйік соғыс топтарын құрудың орнына Европада коллективтік хауіпсіздік системасы құрылған күнде ғана Европада шын мәнісіндегі хауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады. Барлық европалық мемлекеттердің қоғамдық және мемлекеттік құрылысына қарамастан, олардың қатысуына негізделген осындай хауіпсіздік системасы Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету мүдделері үшін европалық мемлекеттердің күш- жігерін біріктіруге мүмкіндік берген болар еді. Сонын өзінде, әлбетте, осы жалпыевропалық міндетті шешуге герман халқының тең правомен қатысуы қамтамасыз етілуге тиіс. Коллективтік хауіпсіздіктің мұндай системасына, Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін шешуші маңызы бар герман мәселесін реттеуге жауап беретін басқа мемлекеттермен бірге, Америка Құрама Штаттары да қатыса алар еді.

Коллективтік хауіпсіздіктің жалпыевропалық системасы оған қатысушы мемлекеттердің арасында туыс ықтыймал барлық даулы мәселелерді Біріккен Ұлттар Уставының талаптарына сәйкес шешкенде, Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер төндірмейтіндей етіп шешуге бұл мемлекеттердің міндеттемелер алуын көздеуге тиіс. Бұл система, әрқашан да, оған қатысушы мемлекеттердің қандайынше болса да пікірінше, Европада қарулы шабуыл жасалу қатері туған кездің бәрінде де, мұндай қатерді жою үшін тиімді шаралар қолдану мақсатымен консультациялар алысуды көздеуге тиіс. Бұл системаның тиімді болуы үшін, бұл система былай деп көздеуге тиіс: Европадағы бір немесе бірнеше мемлекетке шабуыл жасау тиісті жалпыевропалық договорға қатысушылардың бәріне де шабуыл жасағандық деп қаралады және договорға қатысушының қаркайсысы шабуылға ұшыраған мемлекетке өзі-түжырымдалған принциптерге толығымен қосылады және Европада баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету талаптарына сай келетін жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды бірлесіп қарауға барлық европалық мемлекеттерді шақырады. Олар сонымен қатар европалық коллективтік хауіпсіздік туралы Договордың барлық мүдделі мемлекеттердің қабылдауына болатындай жобасын жасау мақсатымен бұл мәселе жөнінде енгізілетін басқа да ұсыныстардың қандайын болса да қарауға өзір екендігін білдіреді.

Осы Кеңеске қатысушы мемлекеттер жоғарыда көрсетілген принциптерге негізделген және европалық мемлекеттер арасындағы достық қатынастармен нығайтылған Европадағы хауіпсіздік европалық халықтарды сансыз көп құрбандықтарға душар еткен жойқын соғыстарға Европаны оқтын- оқтын ұшыратып келген жағдайды біржолата жоюға мүмкіндік берген болар еді деп көміл сенеді.

Таяудағы уақытта кейбір батыс мемлекеттерінің парламенттерінде Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе қаралады деп күтілуде. Кейбір мемлекеттердің ресми топтары тарапынан бұл келісімдерді күшпен бекіттіру үшін парламенттер мен журтшылық топтарына онан сайын есептеген күшті қысым жасалуда.

Осыған байланысты ССРО-ның, Поляк Халық Республикасының, Чехословак Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Болгар Халық Республикасының және Албан Халық Республикасының үкметтері Париж келісімдерін бекітудің Европада бейбітшілікті сақтауға қарсы бағытталған және жаңа соғыс өзірлеуді көздейтін әрекет болып табылатындығына барлық европалық мемлекеттердің, әсресе Париж келісімдеріне қатысушы мемлекеттердің назарын аударуды өздерінің борышы деп санайды. Мұндай бекіту Европадағы барлық жағдайды едәуір дәрежеде қиындатады және шешілмеген европалық проблемаларды, соның ішінде ең алдымен, Герман проблемасын құру мүмкіндігін нашарлатады.

Бұл келісімдерді бекіту және жүзеге асыру, соғыс хаупін күшейте отырып, Европаның бейбітшіл мемлекеттерінің ұлттық тәуелсіздігіне және әсресе Германиямен көршілес мемлекеттерге төнетін қатер болып табылады.

Бұл қатер Париж келісімдеріне қатысушы мемлекеттердің Европаның бейбітшіл мемлекеттеріне қарсы өздерінің соғыс және экономикалық шараларын үсті- үстіне өрістетіп отырғандығының салдарынан туады. Кәзір олар герман милитаризмімен соғыс блогін жасасуға дейін барып, Батыс Германияны ремилитарландыруды өз қолдарымен жүзеге асыруға кіріседе, олардың соғыс топтарына қатыспай отырған мемлекеттердің бұдан былай бейбітшілікпен өмір сүруіне қатер төндіруде. Париж келісімдеріне қатысушы мемлекеттердің қарулы күштері енді кәзір гитлершіл генералдар басқаратын батысгерманиялық армияны өзіне жосатын болады. Міне мұндай жағдайда «күш жұмсау тұрысынан жүргізілетін» саясат бұдан былайғы күнде қайта тудырылып жатқан герман милитаризміне тікелей сүйеніп жүргізілетін болады. Мұның өзі Европада жаңа соғыс хаупін анағұрлым жақындата түседі.

Туып отырған жағдай осы Кеңеске қатысқан мемлекеттердің хауіпсіздігін-қамтамасыз ету мақсатымен, олардың күш- жігерін біріктіру міндетін күн тәртібіне қояды. Бейбітшіл мемлекеттердің хауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделерін көздеп, бейбітшіл мемлекеттер өздерінің біріккен күшін батыс державаларының жоғарыда көрсетілген соғыс блогінің агрессияшыл күштеріне қарамақарсы қою үшін шұғыл шаралар қолдануға мәжбүр болады.

Осы Кеңеске қатысушы мемлекеттер, Париж келісімдері бекітілген жағдайда өз халықтарының бейбіт еңбегін қорғау, өздерінің шекаралары мен территорияларының қол сұғылмайтын тұтастығына кепілдік тудыру және мүмкін болатын агрессиядан қорғануды қамтамасыз ету үшін қарулы күштер мен олардың командованиесін ұйымдастыру саласында бірлескен шараларды, сондай-ақ өздерінің қорғаныс қабілетін нығайтуға қажетті басқа да шараларды жүзеге асыруға ұйтқарғандығын мәлімдейді.

Бұл шаралардың бәрі мемлекеттердің өзін-өзі қорғау жөніндегі заңды правосына, Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставына, герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы бағытталған және Европада жаңа агрессияға жол бермеуді көздейтін бұдан бұрын жасалған договорлар мен келісімдерге сай келеді.

Осы Кеңеске қатысушы мемлекеттер, егер Париж келісімдері бекітілген жағдайда, өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және Европада бейбітшілікті қамтамасыз ету талаптарына сай келетін жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды бірлесіп қарауға барлық европалық мемлекеттерді шақырады. Олар сонымен қатар европалық коллективтік хауіпсіздік туралы Договордың барлық мүдделі мемлекеттердің қабылдауына болатындай жобасын жасау мақсатымен бұл мәселе жөнінде енгізілетін басқа да ұсыныстардың қандайын болса да қарауға өзір екендігін білдіреді.

Осы Кеңеске қатысушы мемлекеттер жоғарыда көрсетілген принциптерге негізделген және европалық мемлекеттер арасындағы достық қатынастармен нығайтылған Европадағы хауіпсіздік европалық халықтарды сансыз көп құрбандықтарға душар еткен жойқын соғыстарға Европаны оқтын- оқтын ұшыратып келген жағдайды біржолата жоюға мүмкіндік берген болар еді деп көміл сенеді.

Таяудағы уақытта кейбір батыс мемлекеттерінің парламенттерінде Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе қаралады деп күтілуде. Кейбір мемлекеттердің ресми топтары тарапынан бұл келісімдерді күшпен бекіттіру үшін парламенттер мен журтшылық топтарына онан сайын есептеген күшті қысым жасалуда.

Осыған байланысты ССРО-ның, Поляк Халық Республикасының, Чехословак Республикасының, Герман Демократиялық Республикасының, Венгер Халық Республикасының, Румын Халық Республикасының, Болгар Халық Республикасының және Албан Халық Республикасының үкметтері Париж келісімдерін бекітудің Европада бейбітшілікті сақтауға қарсы бағытталған және жаңа соғыс өзірлеуді көздейтін әрекет болып табылатындығына барлық европалық мемлекеттердің, әсресе Париж келісімдеріне қатысушы мемлекеттердің назарын аударуды өздерінің борышы деп санайды. Мұндай бекіту Европадағы барлық жағдайды едәуір дәрежеде қиындатады және шешілмеген европалық проблемаларды, соның ішінде ең алдымен, Герман проблемасын құру мүмкіндігін нашарлатады.

Бұл келісімдерді бекіту және жүзеге асыру, соғыс хауп

отырып, Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қалпына келтіру және қолдау мақсатымен көмек көрсететін болады.

Коллективтік хауіпсіздіктің осындай жалпыевропалық системасын құру үлкенді- кішілі мемлекеттердің теңдесіздігі мен суверенитетін құрметтеу, сонымен қатар олардың ішкі істеріне араласпау принциптеріне сәйкес халықаралық ынтымақты нығайту талаптарына толығымен сай келген болар еді. Коллективтік хауіпсіздіктің мұндай системасын құру герман проблемасын шешу мүмкіндігін де көп жағынан жеңілдеткен болар еді, өйткені бұл проблеманы шешу Батыс Германияны милитаристік мемлекетке айналдыру мүмкіндігін жояды, сөйтіп, Германияның бірлігін қалпына келтіруге қолайлы жағдай тудырады.

Европада коллективтік хауіпсіздік ұйымдастыру және Германияны бейбітшіл, демократиялық негіздерде біріктіру Германияны ұлы державалардың бірі ретінде өркендетуді қамтамасыз ететін жол болып табылады. Өткен уақытта Германияның өркендеуіне бағыт болған және герман ұлты үшін ең ауыр зардаптарға сан рет әкелін соқтырған милитаристік жолға қарағанда, Европада коллективтік хауіпсіздік орнату жағдайында Германияны қайта қосу Германияның бейбіт экономикасын, оның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын өрге бастыру үшін, Германияның басқа елдермен әсресе өздерінің халқы орасан көп, сарқылмас мол ресурстары бар Шығыс Европаның елдерімен және Азия елдерімен кең көлемді экономикалық байланыстарын өркендету үшін зор мүмкіншіліктерді ашып береді. Германияның бейбітшілік жағдайында өркендетілуі және оның басқа мемлекеттермен өркендеген экономикалық байланыстарының болуы оның өнеркәсібі үшін кең көлемді рынноктер жасап берген болар еді, оның халқының жұмыс істеуін қамтамасыз еткен болар еді, оның халқының тұрмыс дәрежесін арттыруға көмектескен болар еді.

Сонымен ұлы держава ретіндегі Германияның тағдыры оның бейбітшілікпен өркендеу және барлық басқа европалық мемлекеттермен ынтымақтасу жолына түсетіндігімен, немесе оның жаңа соғыс әзірлеу жолына түсетіндігімен тығыз байланысты. Герман Демократиялық Республикасы түсін отырған бейбітшілікпен өркендеу және халықаралық ынтымақ жасасу жолы Германияны қайта тудырып, оны көркейтуге жеткізеді. Ал герман милитаристері Батыс Германияны түсіруге тырысып отырған басқа жол жаңа соғысқа, демек, оны өрт алған және қырғын жайлаған аймаққа айналдыруға әкелін соқтырады.

Оның бәрі герман халқының шын мәнісіндегі ұлттық мүдделерін бейбітшілік және Европада коллективтік хауіпсіздіктің тиімді системасын орнату мүдделерінен бөле қарауға болмайтынын көрсетеді.

Осы Кеңеске қатысушы мемлекеттер «Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договордың» СССР Үкметі тапсырған жобасында

литі қолдау мүдделері үшін сондағыдан шаралар қолдану мақсатымен, жағдайды қайтадан қарауға келісті.

Осы Кеңеске қатысушы мемлекеттер, европалық мемлекеттердің бірлескен күш- жігері ғана Европада баянды және ұзақ бейбітшілік үшін негіз тудыра алады деп сенін отырғандықтан, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруды бұдан былай да талап етуге берік бел байлап отыр. Осы мақсатпен олар бұл жолға түсуге тілек білдіретін басқа европалық мемлекеттермен ынтымақтасуға бұдан былай да әзір отыр.

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесіне қатысушы мемлекеттердің үкметтері бейбітшілікті және жаппай хауіпсіздікті нығайтуға бағытталған өздерінің саясаты, сонымен қатар осы Кеңес белгілеген шаралар біздің халықтарымыздың мүдделеріне, сондай-ақ барлық басқа бейбітшіл халықтардың мүдделеріне де сай келеді деп көміл сенеді.

Совет Одағының, Польшаның, Чехословакияның, Венгрияның, Румынияның, Болгарияның, Албанияның және Герман Демократиялық Республикасының халықтары итілікті бейбіт еңбекпен шұғылдануда. Бұлардың күш- жігері экономика мен мәдениетті онан әрі өрге бастыруға, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін үнемі арттыра беруге және сонымен бірге олардың ұлы социалистік жеңістерін берік қорғауды қамтамасыз етуге бағытталып отыр. Тарихтың алға басқан қадамын кері бұра алатын және біздің елдеріміздің социализм орнатуына кедергі бола алатын күш дүние жүзінде жоқ.

Париж келісімдерінің жаңа соғыс қатерін еңсуір күшейткенін біздің мемлекеттеріміздің халықтары түсінеді, бірақ олар оқыйғалардың дамуы өздерін қапылыста қалдыратындай жағдайға жол бермейді.

Біздің халықтарымыз өз күштеріне, өздерінің сарқылмас мол ресурстарына берік сенін отыр. Бейбітшілік пен социализм күштері әлі ешуақытта да дәл кәзіргідей қуатты болған емес және ешуақытта дәл кәзіргідей топтасқан емес. Шабуыл жасаудың, соғыс бастаудың және біздің халықтарымыздың бейбіт тұрмысын бұзудың қандай әрекеттеріне болса да күйрете тойтарыс беріледі. Міне сонда біздің халықтарымыз, басқа халықтардың тілектестігі мен қолдауына сүйене отырып, агрессияның күштерін құрту үшін және біздің оң ісіміздің, әділ ісіміздің салтанат құруы үшін қолынан келгеннің бәрін істейді.

Біздің халықтарымыз бейбітшілікте өмір сүруді және барлық басқа халықтармен достық қатынастар орнатуды тілейді. Міне сондықтан да бейбітшілік және жаппай хауіпсіздік мүдделерін бұдан былай да барынша қорғай отырып, олар өздерінің онан әрі бейбіт жолмен дамуын және өз мемлекеттерінің : ойдағыдай хауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін қажет болған шаралардың бәрін істейді.

Кеңестің күнделігі

МОСКВА, 1 декабрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Бүгін сағат 2-де ашылған европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Кеңесінің үшінші мәжілісінде Герман Демократиялық Республикасы делегациясының басшысы, ГДР премьер- министрі Отто Гротеволь председательдік етті.

Мәжілісте Албан Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің орынбасары, Албан делегациясын басқарушы Мануш Муфтиу бірінші болып мәлімдеме жасады.

Муфтиу өзінің мәлімдемесінде Совет Одағы Үкметінің Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде европалық Кеңес шақыру жайындағы инициативасын Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің мүдделеріне қызмет ететін маңызды халықаралық оқыйға деп құттықтады.

Ол былай деп атап көрсетті: АҚШ империалистік топтарының тікелей қысым жасауымен Европаның кейбір мемлекеттері Лондон мен Парижда Батыс Германия жайында сепараттық келісімдер жасасты. Бұл келісімдер Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті сақтау мүдделеріне және бейбітшіл мемлекеттердің осы уақытқа дейін шешілмеген халықаралық проблемаларды, еңалдымен, герман проблемасын шешуге бағытталған күш- жігеріне тіпті де жанаспайды.

Лондон мен Париж келісімдері, деп мәлімдеді Албан делегациясының басшысы, европалық халықтардың бейбітшілігі мен өміріне қатер төндіріп отыр. Бұл келісімдер агрессиялық соғыс топтарын құру саясатының бейнесі, соғыс және агрессия саясатының бейнесі болып табылады. Париж келісімдерін бекіту біртұтас, демократиялық, бейбітшіл Герман мемлекетін құру негізінде герман мәселесін бейбітшілікпен реттеуді қыйындаткан болар еді және, Муфтиудың атап көрсеткеніндей, Европаның нақ ортасында агрессияның жаңа ошағын құрған болар еді. Мұның өзі осы келісімдерге қатысушы елдерге зор жауапкершілік жүктеген болар еді және бейбітшіл мемлекеттерді осы қатерден өздерінің хауіпсіздігін қорғау үшін жаңа шаралар қолдануға мәжбүр еткен болар еді.

Біздің делегациямыз, деді Мануш Муфтиу, Албан Халық Республикасының үкметі атынан Совет Одағы делегациясының басшысы В. М. Молотов жолдастың өз міндеттемесінде кәзіргі халықаралық жағдайға берген бағасымен өзінің толық келісетінін білдіреді және Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті, біздің елдеріміздің хауіпсіздігін сақтау және нығайту жайындағы оның ұсыныстарына қосылатынын білдіреді.

Албан делегациясы сонымен қатар Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Циранкевич жолдастың, Чехословак Республикасы Министрлер Советінің Председателі Широкий жолдастың және Герман Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің Председателі Гротеволь жолдастың біздің елдеріміздің хауіпсіздігін және Европада бейбітшіліктті қамтамасыз ету туралы мәселе жөніндегі мәлімдемелеріне де толық қосылады.

Париж келісімдері бекітілетін болса, Албан Халық Республикасының үкметі осы Кеңеске қатысушы елдермен бірлесе отырып, халықтарымыздың игілікті бейбіт еңбегін қорғау үшін, елдеріміздің қол сұғылмайтын шекараларын қандай агрессиядан болса да қорғауды қамтамасыз ету үшін соғыс саласында да коллективтік нақты шаралар қолдануға да әзір отыр.

Бұдан кейін Кеңеске қатысушылар Румын делегациясының басшысы, Румын Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Киву Стойканың мәлімдемесін тыңдады.

Европада герман милитаризмі өмір сүріп тұрғанда, деді ол, румын халқы үшін және басқа европалық халықтар үшін тыныштық пен хауіпсіздік болмайтындығына, бұл халықтарды герман империализмінің оқтын- оқтын шапқыншылық пен тонаушылыққа ұшыратын келгеніне ұзаққа созылған тарихтың тәжрибесі румын халқының көзін айқын жеткізді. Өзінің тарихи тәжрибесі үйреткен румын халқы, деп атап көрсетті ол, герман милитаризмін қайта тудыруға және Батыс Германияны соғыс- агрессиялық блокке енгізуге қарсы барлық күшімен күресуге берік бел байлап отырғанын білдіреді.

Париж келісімдеріне қол қойылуы салдарынан және бұл келісімдерді неғұрлым тез бекіттіру үшін АҚШ, Англия, Франция үкметтерінің герман милитаристерімен бірлесе отырып қолданып жатқан шаралары салдарынан кәзір Европада туған жағдайда, европалық елдердің алдында екі түрлі перспектива тұр. Бұл перспективаның бірі, Киву Стойканың мәлімдегеніндей, —Париж келісімдерін бекіту, мұның өзі халықаралық шиеленісті және жаңа соғыс хаупін сөзсіз күшейткендік болады. Бұл перспектива біртұтас, бейбітшіл, демократиялық Германия құру жағдайын іс жүзінде жояды. Ал Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру жайындағы Совет Одағының ұсынысы Европаның халықтарына басқа перспективаны —бейбітшіліктті сақтау, халықтардың ұлттық тәуелсіздігін қорғау, осы уақыттағы міндеттерінде жүктеледі, өйткені олар кәзіргі уақытта мүдделі жақтар арасында келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу жолымен Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға және Европада бағынды бейбітшілікті сақтауға ұмтылып отырған жоқ, қайта Париж келісімдерін мүмкіндігінше тезінен бекіттіруге, Батыс Германияны қаруландыруға, Европаның басқа мемлекеттеріне қарама -қарсы қойылған соғыс топтарын күшейтуге, Германия мен Европаны ұзақ уақыт бөлшектеуге және жаңа соғыс әзірлеуге тырысып отыр.

Чжан Вэнь-тянь Қытай үкметі мен қытай халқы Париж келісімдеріне батыл қарсы шығып отыр деп мәлімдеді.

Егер Париж келісімдері бекітілетін болса, егер агрессиялық топтардың арам ниеттері жүзеге асырылатын болса, деді ол, онда жалпыгерманиялық жалпы сайлау өткізу жолымен Германияның бірлігін қалпына келтіру ісіне елеулі нұқсан келтірілетіндігі, герман мәселесін шешу үшін және басқа европалық мәселелерді реттеу үшін мемлекеттер арасында келіссөздер жүргізу мүмкіндігінің елеулі кедергілерге ұшырайтындығы, мұның өзі европалық елдер арасындағы қатынастарда болып отырған шиеленісті ушықтыруға, жанталаса қарулануды күшейтуге және европалық елдердің халықтарына түсін отырған соғыс ауыртпалығын еңсуір арттыруға әкелін соқтыратыны барлық жұртқа айқын. Агрессиялық американ топтары «күш жұмсау тұрғысынан жүргізілетін» саясат дейтіннің көмегімен бүкіл дүние жүзін өздеріне бағындыруға әрекеттенуде. Олардың агрессиялық және соғыс жоспарлары Европаға ғана қатер төндіріп отырған жоқ; бұл жоспарлар сонымен қатар Азияға да және жер шарының басқа аудандарына да қатер төндіріп отыр.

ҚХР өкілі былай деп атап көрсетті: Совет Одағы мен халықтық демократия елдері бейбітшілік саясатын дәйектілікпен жүргізіп келеді, өйткені олар бейбіт құрылыс жағдайына мұқтаж болып отыр, өйткені бейбітшілік барлық елдердің халықтарына қажет, бірақ бұдан бұл елдер империалистердің «күші» дейтіннен қорқады деген ұғым тіпті де тумайды. Бейбітшілік, демократия және теңдесіздік үшін батыл күресуші елдер мен халықтарды агрессорлардың күш жұмсау арқылы басып ала алмайтынын дүниежүзілік екінші соғыстың тәжрибесі дәлелдеп берді; сайып келгенде, күш жұмсау саясатын уағаздаған агрессорлардың нақ өздері талқандалды.

Англия мен Францияның және басқа батысевропалық елдердің билеуші топтары, АҚШ жүргізіп отырған агрессия мен соғыс саясатына ілесіп және Германияны милитарландыруға көмектесе отырып, дүниежүзілік екінші соғыстың алдында жасалған ескі қателікті іс жүзінде қайталап отыр. Олар өздері көтерген тасты өз аяқтарына түсіреді, сөйтіп сайып келгенде өз қателіктерінің ащы дәмін татып отырады.

Кәзіргі уақытта АҚШ-тың агрессиялық топтары жүргізіп отырған соғыс жоспарларында Батыс Германия мен Жапонияны жасау үшін сөз алды.

Әрқашан да бейбітшілік үшін күрес жүргізіліп жатқан жерде болуға ұмтылып отырған венгер халқы, деді А. Хегедюш, осы Кеңесті шақыру туралы хабарды зор ұмітпен қарсы алды, өйткені ол венгер халқына да қатер төндіріп отырған соғыс хаупін жоюға және герман мәселесін бейбітшілікпен реттеуге бұл Кеңес көмектеседі деп сенін отыр.

Өзінің мың жылдық тарихының өнбойында венгер халқы герман үстемдігін орнату әрекеттеріне қарсы үнемі күресін келді, ал соңғы төрт ғасырдың өнбойында, тіпті 1945 жылға дейін —Венгрияны азат етпенге дейін, ол ұдайы дерлік Германия мен Австрияның тепкісінде болып келді. Герман оккупациясының және соғысының ауыр зардаптарын баяндай келіп, А. Хегедюш былай деді: азат етуші Совет Армиясы орасан көп адамдары құрбан болған, тоналған және қорлыққа ұшыратылған венгер халқына жаңа тұрмыс орнату, өрге басу және ұлттық теңдесіздікке жету жолын ашып берді. Азат етілген кезден бергі уақыттың ішінде Венгрия дамудың үлкен жолынан өтті, сондықтан да қол жеткен табыстарды баянды етіп, онан әрі дамыта беру —Венгрияның әрбір азаматының, бүкіл венгер халқының ең зор тілегі болып табылады.

А. Хегедюш былай деп көрсетті: соңғы он жылдың ішінде Венгриямен достас елдер арасында —еңалдымен Венгрия және Совет Одағы арасында орнатан ынтымақ, —венгер халқының қолы жеткен барлық табыстарының шешуші факторы болып табылады. Венгрия көршілес Югославиямен өз қатынастарын бірқалыпқа келтіріп, онымен бірқатар маңызды келісімдер жасасты және осы жолмен бұдан былай да алға басуды көздеп отыр. Венгрия Австриямен бірқалыпты тату көршілік қатынастарды қалпына келтіруге ұмтылуда.

Венгер Халық Республикасының бүкіл сыртқы саясаттағы қыймылы, деді А. Хегедюш бір -бірінің мүдделерін толық сақтай отырып, дүние жүзінің барлық елдерімен және халықтарымен бейбітшілікте, достықта өмір сүруге бағытталып келді және бағытталып келеді. Ал Германия мен Австрия мәселелерінің реттелмегендігі, сонымен қатар герман империализмін қайта тудыруға тырысқан әрекеттер біздің сыртқы саясатымыздың осы негізгі мақсатына, халқымыздың хауіпсіздігіне қатер төндіріп отыр.

Венгер халқы үшін, деп атап көрсетті А. Хегедюш, герман империализмінің Австрияны өзіне күшпен қосып алуға бағытталған экономикалық, саяси және соғыс әрекеттері ерекше хауіпті болып табылады. Ол былай деп мәлімдеді: ГДР халқы мен үкметінің герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы батыл күресін, герман халқын бейбітшілікпен қайта қосуға бағытталған ГДР-дің күш- жігерін венгер халқы бұрынғыдан да арта түскен сенімпен және тілектестікпен қадағалап келді және қадағалап отыр.

(Соңы 3-бетте).

ЕВРОПАЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ЕВРОПАДА БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ХАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІ

Кеңестің күнделігі

(Соңы. Басы 2-бетте).

Венгер халқы, деп мәлімдеді А. Хегедюш Совет Одағының Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөніндегі ұсыныстарының Германияны милитарландыру хаупін жоюға ғана бағытталмай, сонымен бірге бүкіл герман мәселесін бейбітшілікпен реттеуге жеткізетін тұрыс жолды да көрсетіп отырғанын қуаныш сезімімен айқын жеруде. Герман мәселесін бейбітшілікпен реттеудің және Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құрудың, муны Молотов жолдастың да өз мәлімдемесінде көрсеткеніндей, бірбірімен тығыз байланысты екеніне Венгер үкеті толығымен қосылады.

Венгер Халық Республикасының делегациясы Европада туған жағдайға Молотов жолдастың берген бағасын толығымен мақұлдайды және оған қосылады. Ол сонымен қатар Париж келісімдерін бекіту соғыс хаупін онан әрі күшейткенде болады және Европада жаңа жағдай туды-рады деген пікірге де қосылады. Мунын өзі, Париж келісімдері бекітілген күнде, осы Кеңеске қатысып отырған бейбітшіл мемлекеттердің өз елдерінің хауіпсіздігін қорғау мүдделері үшін практикалық батыл қадам жасау, өздерінің қарулы күштерін ұйымдастыру және ортақ командование құру жөнінде бірлескен шаралар қолдануын қажет етеді.

Қайта тудырылып жатқан герман милитаризмі өздерінің мемлекеттік шекараларына тікелей қатер төндіретін елдер атап айтқанда: Поляк Халық Республикасы, Чехословак Республикасы және Герман Демократиялық Республикасы, осы Кеңеске қатысушы барлық елдер бірлесіп қолданатын шаралармен қатар, өздерінің жағдайына сәйкес өз шекараларын қорғау үшін жеке шараларды да белгілеп, жүзеге асыратын болсын деген пікірді біз дәлелді және қажет деп санаймыз. Венгер Халық Республикасының үкеті Париж келісімдерін бекітуден өз еліне елеулі хауіп төнетінін көріп отыр, сондықтан ол ССРО-мен және басқа бейбітшіл елдермен мейлінше тығыз ынтымақтаса отырып, өзінің қорғаныс қабілетін күшейтуге қажетті шаралар, соның ішінде соғыс сыйпаты бар шараларды да қолдануға бейім бел байлап отыр.

Венгер Халық Республикасының үкеті жаңа жойқын соғыс хаупін жоюға қатысу үшін және Европа халықтарының бейбітшілігін қамтамасыз ететіндей хауіпсіздік системасын құруға көмектесу үшін қажетті шараның бәрін қолдануға әзір отыр.

Бұдан кейін Болгар делегациясының басшысы, Болгар Халық Республикасының Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары Антон Югов мәлімдеме жасады.

Европалық халықтардың Кеңесі, деді ол, ерекше маңызды кезеңде, Париж келісімдері жаңа жағдай тудырып, осыған байланысты бейбітшілікті сақтау және нығайту туралы мәселенің маңызы бұрынғыдан анағұрлым арта түскен кезде шақырылып отыр.

Болгар үкеті мен болгар халқының халықтар арасындағы бейбітшілікке және бейбіт ынтымаққа ұмтылған еркін, өзінің азат етушісі Совет Одағына деген сүйіспеншілігімен алғыс айтқан сезімін сан рет және үзілді-кесілді білдіріп келгенін атап көрсетіп, А. Югов былай деді:

—Европада коллективтік хауіпсіздіктің баянды системасын құру туралы Совет Үкметінің ұсынысы барлық европалық халықтардың —өз үкметтері Кеңес шақыру туралы ұсынысты қабыл алып, өздерінің делегацияларын жіберген елдердің халықтарының да, өз үкметтері Европадағы коллективтік хауіпсіздік идеясына принципінде келіскен елдердің халықтарының да, сондай-ақ өз үкметтері бұл ұсынысты қабылдамай тастаған, өйткені Батыс Германияда милитаризмді қайта тудыру жолына, агрессия әзірлеу жолына анықтан-анық түскен елдердің халықтарының да өміршілік мүдделеріне сай келеді.

А. Югов былай деді: Совет Одағы өзінің өмір сүруінің алғашқы күндерінен бер барлық халықтар арасындағы бейбітшілікті және өзара түсінісушілікті жақтап, халықаралық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу саясатын дәйектілікпен жүргізіп келеді. Ол Совет Үкметінің дүниежүзілік екінші соғыстан кейін Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру жөнінде, біртұтас, бейбітшіл, демократиялық Герман мемлекетін құру жөнінде әртүрлі формаларда сан рет нақты ұсыныстар жасап келгенін еске салды. Ал қазіргі Кеңеске де совет делегациясының басшысы Молотов жолдас Совет Үкметінің бейбітшілік мәселелері жөніндегі позициясын айқын баяндап берді.

Батыс державаларының саясаты туралы айта келіп, А. Югов былай деп мәлімдеді: АҚШ басқарған кейбір батыс державаларының түскен жолы, Париж келісімдерінің жолы —бұл жабық соғыс топтарын құру, Батыс Германияны милитарландырып, Германиямен көршілес елдердің хауіпсіздігіне қатер төндіру, жаңа соғыстың тікелей хаупін тудыру жолы.

Болгар делегациясының басшысы мынаны еске салды: 30 жылға толмайтын уақыттың ішінде герман милитаристері Балканға екі рет басып кірген болатын, сондықтан болгар халқы және басқа балкан халықтары қазіргі уақытта, АҚШтың, Англияның және Францияның басшылары герман кекшілдерінің қолына таяқ та қару ұстатып отырған кезде бұған немқұрайды қарап отыра алмайды.

Болгария үкеті мен болгар халқының европалық халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақ саясатының салтанаты жолындағы күреске өзінің барлық күшін жұмсайтынын көрсете келіп, А. Югов былай деп мәлімдеді: Болгарияның үкеті «Европада коллективтік хауіпсіздік туралы жалпыевропалық договор» жасасу жайындағы Совет Үкметінің ұсынысын бұлтыл қолдайды.

Париж келісімдеріне қол қойылғаннан кейін Европадағы бейбітшілікке төнетін хаупінің елеулі екендігі туралы айтқан совет делегациясының және Кеңесте осындай пікір айтқан басқа да делегациялардың позициясына қосыла отырып, А. Югов, біздің делегациямыз былай деп мәлімдейді: ол халықтардың бейбітшілігін сақтауға және бейбіт ынтымақтасуына, коллективтік хауіпсіздік системасын жүзеге асыруға бағытталған барлық шараларды қолдайды.

Біздің делегациямыз, деп мәлімдеді А. Югов, сонымен қатар қазіргі туған жағдайда, агрессияшыл батыс топтары, еңалдымен, Америка Құрама Штаттарының басшы мемлекет қайраткерлері, Европаны бөлшектеу, Совет Одағының халықтары мен басқа европалық халықтарға қарсы бағытталған соғыс топтарын құру және Батыс Германияны милитарландыру жолына онан әрі түсіп отырған кезде, бостандық сүйгіш халықтардың өз бостандығы мен территориясының тұтастығын қорғау үшін қажетті бірлескен шараларды бәрін, соның ішінде қажетті соғыс шараларын да талқылап, қабылдау правосы заңды болады деген позицияға да толығымен қосылады. Соның өзінде Париж келісімдерін бекіту салдарынан туатын жағдай үшін және оның зардаптары үшін бүкіл жауапкершілік батыс елдерінің агрессияшыл топтарына, еңалдымен Америка Құрама Штаттарының билеушілі топтарына жүктеледі.

А. Югов қорытындысында былай деп мәлімдеді: Болгар үкеті Ұлы Совет Одағы бастаған қуатты бейбітшіл майданның барлық күштерін топтастыру ісіне, Европада бейбітшілікті нығайту мүддесі үшін, бұрынғыдан да зор күш жігер жұмсайды.

А. Югов тың сөзінен кейін мәжіліс жабылды.

Кезекті мәжіліс 2 декабрьге тағайындалды.

Советтік Қазақстанда.
СУРЕТТЕ: Жамбылдағы қант комбинаты цехының ішкі көрінісі.
(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КОЛХОЗДАРЫ МЕН СОВХОЗДАРЫ МЕМЛЕКЕТКЕ ӘЛІ ДЕ АСТЫҚ САТУДА

ПАВЛОДАР, (ҚазТАГ). Павлодар ауданының көптеген колхоздары мемлекетке әлі де астық сатып жатыр.

Куйбышев атындағы ауылшаруашылық артелі жаңа жерлерде егіннен бітік өнім өсірді, мемлекетке егіннің әр гектарынан 66 путтан астық тапсырды және сатты. Колхоз сату ретінде ғана 130 мың путтан аса астық тапсырды. Артель тұқым, малазықтық жем және басқа қорлар қиғаннан кейін колхозшылардың еңбеккүндеріне төрт килограмнан астық берді, мемлекетке қосымша үш мың пут астық, 12 мың пут қүнбағыс сату уйғарылды. Бұл өнімнің бір бөлегі қазірдің өзінде Рождественский дайындау пунктіне тапсырылды.

Ворошилов атындағы, Киров атындағы, Чапаев атындағы және басқа колхоздар мемлекетке астық тапсыруда. Ауданның ауылшаруашылық артельдері соңғы бес күннің ішінде мемлекетке үш мың путтан аса астық сатты.

БЕСЖЫЛДЫҚТЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ ҮШІН

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Лениногор полиметалл комбинатының кеншілері бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысты өрістетуде. Сокольный рудниги кеншілері декабрь есебіне руда шығаруда. Качкин, Базубаев, Клейн басқаратын бригадалар бесжылдық тапсырмаларын орындағалы отыр.

Алтышы участоктің проходчиктері жер астынан кен қопару жұмыстарының жылдық жоспарын қазірдің өзінде орындаған. Проходкалау қарқынын арттыра

Малдың қысқы күтімі үлгілі ұйымдастырылсын

☆ ☆

Қорытынды шығаратын уақыт жетті

Ленин атындағы колхозда (Булаев ауданы) өткен жылы мал қыстатуда елеулі кемшіліктерге жол берілді. Қоғамдық мал жылы, жайлы қоралармен қамтамасыз етілмеді. Жемшөп қоры да жеткіліксіз болды. Осы себепті мал шаруашылығының өнімділігі кеміп, едәуір мал шығынға ұшырады. Колхоздың және осы колхозды қамтыйтын Булаев МТС-нің басшылары өткен жылдың бұл кемшіліктерінен тиісті қорытынды шығарып, быйыл мал қыстатуды үлгілі өткізуге барлық мүмкіншіліктерді қолдануға тиіс еді.

Жаз басында колхоз басқармасы жаңадан бірнеше стандартты мал қораларын салуды жоспарлаған болатын. Құрылыс жұмысына мемлекет тарапынан көптеген көмек те көрсетілді. Бірақ колхоз басшыларының құрылыс жұмысына нәтижелі басшылық жасамауынан жоспарлы құрылыстың үштен бірі ғана салынды. Қазіргі уақытта малдың көпшілігі сапасыз жөнделген, суық қораларға орналастырылған.

Әсресе сауын сиырлар тұратын қораның іші суық. Бұл қора бірқабат талдан ғана тоқылған. Оның іші-сырты сыланбаған. Төбелері ашық-тесік. Мұндай қорада күтілген сиырлардан сүтті мол алуға болмайтындығын колхоз басшыларының ескеретін уақыттары жетті.

Малдың көпшілігінің қоңы төмен. Сондықтан қоңы төмен малдарды қазірден бастап ерекше күтімге алу керек. Бірақ бұл іс ескерілмеген. Мұнда мал тәулігіне бірақ рет суарылады. Колхозда концентрат және сүрленген азықтар бар. Бұл азықтарды сауын сиырларға және қоңы төмен малдарға беру күні бүгінге дейін ұйымдастырылған жоқ.

Колхозда 8 мың центнерден аса сабан мен топан бар. Бұларды әзірлеп беру үшін жемшөп ісінде екі жерде кухня болуы керек еді. Мұның бірі де жоқ. Колхоз председателі Рамазанов жолдас малға азықты буландырып, нәрлендіріп беруге уақытылы назар аудармаған. Тіпті колхозда азық буландырғыштың жабайы түрі де жасалмаған. Быйыл қоғамдық малға жемшөп жеткіліксіз әзірленді. Осы себепті қыстың алғашқы күнінен бастап азықты үнемдеп, мөлшермен жұмсау керек. Алайда мұнда малға азық нақты өлшенбей, мөлшермен беріледі.

Барлық бригадаларда 18 мың центнер азық дайарланған болса, оның небары 3,5 мың центнері ғана қоралар қасына тасылған. Егер жемшөп тасуға колхоз басшылары барлық мүмкіншілікті пайдаланған болса, онда бұл іске 40-50 көлікті пайдалануға болар еді. Амал не, жемшөп тасуға небары 8-10 көлік қана қатысады.

Бұл күндері аналық малдардың кейбіреулері толдей бастады. Атап айту керек, атқара алмай келеді. Әлі күнге дейін колхозға зоотехник пен мал дәрігері бөлінбеген. Мал мамандарының болмауы салдарынан мал күтуде, азықтандыруда зоотехникалық ережелер өрескел бұрмаланады. Керек десең, бұл уақытқа дейін фермаларда малды күтудің, азықтандырудың жұмыс істеу тәртібі жасалмаған.

Жоғарыда колхозда 8 мың центнердей сабан мен топанның әзірленгендігін айттық. Бұл азықтарды тұрап буландырып беру жөнінде МТС зор көмек көрсетуге тиіс. Рас, МТС колхозға азықтұрағыш пен дәнуккіш бөлген. Бірақ олар жұмыска жарамсыз. Егер МТС директоры Лепехин жолдастан бұл жөнінде колхозға қандай көмек көрсетілді деп сұрай қалсаңыз ол: азықтұрағыш пен дәнуккіш бөлгенбіз, — дейді. Егер ол бөлген механизмдері жұмыс істемесе, оның колхозда болуынан не пайда?

МТС басшылары мал қыстату жұмысының барысына басшылық жасамайды. Оған бір мысал: жақында МТС директоры Лепехин жолдас осы колхозда болды. Ол болған уақытта фермаларда болып, малды күту, азықтандыру ісінің жайымен танысу орнына, колхоз кеңесінде колхоз басшыларымен әңгімелесін істі тындырды. Мұндай басшылықтың нәтижесіз болатындығы кімге болса да белгілі. МТС мал азығын тасуда да колхозға іс жүзінде көмек көрсете алмай отыр. Рас, колхозға мал азығын тасу үшін үш трактор бөлінген. Бірақ оларға тіркейтін шана жоқ. Осы себепті ол тракторлар шөп тасуға толық пайдаланылмай келеді.

Мал қыстатудың барысына бастауыш партия ұйымының басшылығы да нашар. Мал қыстатуға әзірлік және оны өткізу туралы партия ұйымының жыйналысында бірнеше рет мәселе қаралып, жақсы жазылған қаулылар қабылданды. Бірақ партия ұйымының секретары Бейсенбин жолдас қабылданған қаулының орындалуын қадағаламады. Фермаларға қолынан іс келетін коммунистер тағайындалмады. Ұйымдағы 16 коммунистің бірде-бірі мал шаруашылығы жұмысына қатыспайды. Коммунистер Айтмағанбетов, Әмзин, Тоқтаров, Мустафин, Мұртаев және Мұқамедияровтар колхоздың басқа ұсақ шаруашылық жұмысында жүр. Малшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысы да жүргізілмейді.

Комсомолка О. Комерцель жолдас біржылдық зоотехникалық курсті бітіріп келген соң фермада санитарлық жұмысты атқарып келген еді. Ешбір себепсіз оны колхоз председателі орнынан алып тастаған. Оның орнына мал шаруашылығында мамандығы жоқ колхоз председателінің бұрынғы орынбасары Айтмағанбетов тағайындалған. Шынында Айтмағанбетов жолдас фермаларда «өкіл» ретінде ғана оқта-текте болады.

Халық қалаған кандидат

Қаладағы № 4 участкелік халық сотының кеңесіне әр түрлі мәселелермен кө-

Ол Революция бесігі болған Ленинград қаласында

коллегиясында істеді. 1943 жылы Лидия

мұқтаждары бар. Олардың барлығы да өздерінің өтініштері мен тілектеріне қанағаттанарлық жауап алады.

Осы аталған № 4 участокте халық судьясы қызметін тәжрибелі Лидия Андреевна Груднистая жолдас атқарады. Ол 1904 жылы Петербург (кәзіргі Ленинград) қаласында жұмысшы семьясында туды. Ол кезде әкесінің жалақысы семьясының күн көрісіне жетпеді. 1916 жылы үш кластық мектепті бітіргеннен кейін, тұрмыс жағдайы ауыр болғандықтан Лидия Андреевнаның онан әрі оқуына мүмкіндік болмады. Алайда Лидия Андреевна өздігінен оқуды, ізденуді тоқтатқан жоқ. Жаңа заман, Октябрьдің таңы атқаннан кейін Груднистая қоғам өміріне белсене араласып, білімді жаңа өмірдің өзінен тапты.

ауылшаруашылық шаруашылық мекемесінде, юстиция орындарында қатардағы қызметкер болып істеді. Өндірістен қол үзбей оқып, он жылдық білім алды. 1931 жылы Солтүстік Қазақстан облысында облыстық соттың мүшесі болды.

1938-1939 жылдары облыстық соттың арнаулы бөлімінде қызмет етті. 1939 жылдың аяғында Костанай облыстық сот коллегиясының мүшесі қызметін атқарды. Осы жыл, оның өмірінде үлкен өзгеріс болған жыл болды. Ол Советтер Одағының Коммунистік партиясына мүшелікке алынды. Коммунистік партияның мүшелігіне өткен Лидия Андреевна жаңа күш, жаңа жігермен қоғамдық жұмыска, халық, ел мүддесін қорғауға бар ынтасымен кірісті.

1942 жылы Солтүстік Қазақстан облысына қайта келіп, ол облыстық соттың № 4 участокке халық судьясы болып сайланды. Міне осы жылдан бері Лидия Андреевна 12 жыл үздіксіз халық судьялығы қызметін атқаруда.

Лидия Андреевна өзінің негізгі қызметін ойдағыдай атқарумен бірге халық арасында ССРО Конституциясының демократиялық принциптерін, советтік әділ заңның маңызы мен мәнін үнемі насихаттап келеді.

Бұдан екі апта бұрын қаладағы А.И. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының жұмысшы, инженер-техник қызметкерлері № 19 Сталин сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат етіп Груднистая жолдасты ұсынды. Оның кандидатурасы округтің кәсіпорындары мен мекемелерінде және барлық еңбекшілері арасында кең қолдау тапты.

К. ЕСІМОВ.

далану есебінен забой бұрғылау жылдамдығын екі есе тездеткен Померанцев басқарған бригаданың тәжрибесі меңгерілуде.

СОЛТҮСТІК КАСПИЙДЕ

ГҰРЬЕВ. (ҚазТАГ). Солтүстік Каспийде ауа райы мықтап суыды, Теңіздің жиек бөлегі мен Урал өзенінің сағасында мұз қатты. Күзгі балық аулау маусымы аяқталды. Балық аулайтын флот қыс кезінде жөндеуге қойылатын базаларға орналастырылды.

Урал-Каспий балықшылары балық аулаудың жылдық жоспарын 109,3 процент орындады. Міндеттемедегі 250 мың пұт орнына жоспардан тыс 345 мың пұт балық ауланды. Өткен жылғы осы уақыттағымен салыстырғанда балық 900 мың пұт артық ауланды.

Халық тұтынатын товарларды көп өндірейік

Халық тұтынатын товарларды барған сайын көптеп өндіру міндетін ойдағыдай шешуде жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары маңызды роль атқарады, өйткені көпшілік тұтынатын товарлардың алуан түрлерімен, шаруашылықта және үй ішіне керекті заттармен қала мен ауылсело еңбекшілерін жергілікті өнеркәсіп қамтамасыз етуге тиіс.

Біздің облысымызда көпшілік тұтынатын товарлардың 20-ға жуық түрін шығаратын жергілікті және отын өнеркәсібінің 11 кәсіпорны бар. Жергілікті жердегі шикізаттарды өңдеу негізінде құрылғаң бірнеше кәсіпорындары кірпіш, әк, мебель, үй ішіне керекті ыдыстар жасап, еңбекшілер үшін отын дайындау мәселесі мен шұғылданып отырады.

Халық тұтынатын товарларды өндіру ісін үнемі арттыра беру жөніндегі партия мен үкметтің нұсқауларын жүзеге асыра отырып, жергілікті кәсіпорындары өткен уақыттың ішінде бірталай жұмыстар істеді. Жергілікті өнеркәсіп үстіміздегі жылдың он айының ішінде өнім шығарудың жоспарын 116 процент орындап, өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда, 3,5 миллион сомның өнімін артық берді. Жергілікті өнеркәсіп орындары өнім шығарудың жылдық программасын 20 ноябрьде аяқтап, кәзір 1955 жылдың есебінде өнім шығаруда. Көпшілік тұтынатын товарларды көптеп шығару жолындағы социалистік жарыста Приешім аудандық өндіріс комбинатының коллективі жақсы көрсеткіштерге ие болды. Комбинат он айдың өндірістік жоспарын 164,7 процент етіп орындап, өнім сапасын едәуір жақсартты. Сол сияқты, Булаев өндіріс комбинатының коллективі де еңбек өнімділігін үнемі арттыра отырып, 10 айдың жоспарын 140,1 процент етіп орындады.

Полудень, Ленин, Совет аудандарындағы өндіріс комбинаттары да 1954 жылға алған міндеттемелерін орындауда жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Үстіміздегі жылы облыс еңбекшілері тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі жұмысты өрістетіп, жаңа жерлерде бірнеше совхоздар ұйымдастырылды. Мұндай бүкіл халықтық іске бүкіл облыс еңбекшілерімен бірге белсене қатысуды жергілікті өнеркәсіп орындары да өзінің ең абройлы борышы деп түсінеді. Жаңа жерлерді игеруге басқа туысқан республикалар мен өлкелерден келген еліміздің патриоттарын өнеркәсіп және азық-түлік товарларымен қамтамасыз ету үшін кәсіпшілік артельдері мен өндіріс комбинаттары өздеріне берілген заказды ойдағыдай орындады. 10 айдың ішінде ауыл-селоның мұқтажына арнап, біздің жүйедегі кәсіпорындары бір миллионнан астам кірпіш, 500 тонна әк, 3 мыңға жуық жылы киім, көптеген плащ, комбинезон және басқа да түрлі тігулі киімдер әзірледі.

1954 жылдың көктем жұмыстары басталған кезде трактор бригадаларына көптеген бочкалардың керек екендігі анықталды. Муны еске ала отырып, 25 мың бочка-центнер әзірлеп жөнелттік.

Қол жеткен осы табыстармен бірге жергілікті өнеркәсіп жұмысында елеулі кемшіліктердің бар екендігін ашып айту керек. Жергілікті өнеркәсіп жүйесінде өндірістік программаны орындап, өнім сапасын жақсартып келе жатқан озат коллективтермен бірге айдан-айға, тоқсаннан тоқсанға өндірістік жоспарды орындай алмай жүрген кәсіпорындары да бар. Мәселен, И. Черных директор болып істейтін Мамлют өндіріс комбинаты, Запорожец директор болып істейтін Октябрь аудандық өндіріс комбинаты, сол сияқты Петропавл мебель және Преснов өндіріс комбинаттары 10 айдың өндірістік программасын орындауды қамтамасыз ете алмады. Оның себебі сол—социалистік жарысты шын мағнасында ұйымдастырып, алынған міндеттемелерді сөзсіз орындауға коллектив мүшелерін жұмылдырып отырмайды. Жоғарыда аталған комбинаттардың басшылары өндірістік және техникалық мәселелерді шешуге техникалық қызметкерлерді қатыстырмай, өздері шешуге тырысады.

Бұл комбинаттарда еңбек тәртібі нашар ұйымдастырылған. Оның үстіне техникалық кеңестер өте аз, немесе атымен өткізілмейді. Ал өткізілген уақытта оған цех бастықтары, мастерлер, жұмысшылар мен бригадирлер қатыстырылмайды. Жұмысшылардың мамандығын жетілдіре беру үшін техникалық оқудың пайдасының зор екендігіне қарамастан, техникалық оқу бетімен жіберілген.

Октябрь және Мамлют аудандық өндіріс комбинаттарының жұмысы өте қанағаттанғысыз болып отыр. Октябрь аудандық өндіріс комбинаты өнім шығарудың он айлық жоспарын 85,3 процент, Мамлют өндіріс комбинаты 85,1 процент қана орындады. Бұл комбинаттардың жұмысына тексеріс жүргізілгенде өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындап отыруға толық мүмкіншіліктердің бар екендігі анықталды. Буларда қажетті материалдар да жеткілікті. Соған қарамастан, Октябрь өндіріс комбинатының директоры Запорожец жолдас бұған дейін кәсіпорынның жоспарды орындамай келгендігін шикізат пен материалдың жеткіліксіздігінен деп келген болатын. Мұның мүлде теріс екендігі анықталды. Октябрь аудандық өндіріс комбинатында жоспардан тыс 100 мың сомнан артық материалдар мен шикізаттар бар болып шықты. Тексеріп келгенде комбинаттың жұмысын жақсартып, еңбек өнімділігін арттыруға бөгет болып отырған нәрселер мыналар болды: мұнда социалистік жарысты ұйымдастыру бетімен жіберілген, алынған міндеттемелердің орындалуы тексерілмейді. Озат тардың іс тәжрибелері ортаға салынып, ол көпшіліктің игілігіне айналдырылмайды. Еңбек тәртібін бұзушылар мен өнімде ақау жіберушілерге қарсы батыл күрес жоқ, комбинат басшылары коллективтің алдына нақтылы өндірістік міндеттерді деркезінде қойып, оны жүзеге асырып отыру үшін коллектив мүшелерін жұмылдыра білмейді. Міне, осының салдарынан халық тұтынатын товарларды өндіру жөніндегі жоспар өткен жылғы дәрежеден де кем өндірілген.

Сол сияқты, И. Черных жолдастың өзіне тапсырылған іске жеткілікті назар аудармағандығынан Мамлют аудандық өндіріс комбинаты үлкен олқылықта отыр. Комбинат өзіне бөлінген шикізаттарды мезгілінде толық алып, өңдей алмай келеді. Бұл мәселеге Мамлют аудандық атқару комитеті жете назар аудармай отыр.

Кейбір кәсіпорындары өнім шығарудың жалпы жоспарын орындаумен қанағаттанып, өнімнің сапасын жақсарта беру жөнінде жеткілікті назар аудармайды. Оның үстіне кейбір кәсіпорында товарларды ассортименті бойынша толық өндіру осы уақытқа дейін жүзеге асырылмай келеді. Мәселен, жергілікті өнеркәсіптің 11 комбинатының бірде-бірі номенклатурада көрсетілген жоспарды орындауды қамтамасыз ете алмады. Жергілікті өнеркәсіпорындары 500 мыннан астам кірпішті, 300 тоннадан астам әкті, 320 арбаны өндіріп бере алмай борышқор болып қалды.

Жергілікті өнеркәсіп өндіріп отырған товарлардың сапасы еңбекшілердің өскелең талаптарын қанағаттандыру дәрежесінен әлде қайда төмен екендігін баса көрсетуіміз керек. Товарлардың сапасының әлі де болса нашар болып отырған себебі — кәсіпорындарының басшылары өнім шығарудың жоспарын сан жағынан орындауға көбірек көңіл бөліп, оның сапасына назар аудармайтындығында, ақау жіберушілерге қарсы жеткілікті күрес жүргізбейтіндіктерінде болып отыр.

Жергілікті өнеркәсіп орындарының коллективтері Москва кәсіпорындарының үлгісі бойынша бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысқа ұштасты. Кәзір жергілікті өнеркәсіп орындарының коллективінің жарыста алынған міндеттемелерді орындап шығу үшін еселеген қарқынмен еңбек етіп, халық тұтынатын товарларды неғұрлым көп беруге жете көңіл бөлуде.

И. ПРОНИН.

Жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесінің бас инженері.

өзірленбегендігі байқалып отыр. Бұзау туратын үйге еден төселмеген және клеткаларға бөлінбеген. Осы сияқты қозылар туратын үй де әзір емес.

Мал қыстатуды өткізуде колхозға Булаев МТС-нің басшылары нақтылы көмек көрсетулері керек еді. Олар бұл міндетті

Колхозда мал қыстату маусымының алғашқы күндерінде осындай елеулі кемшіліктер орын алып отыр. Колхоз, МТС басшыларының бұл сияқты кемшіліктерден тиісті қорытынды шығаратын уақыттары жетті.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

„Заветы Ильича“ колхозында мал қыстатудың барысы нашар

Мамлют ауданындағы «Заветы Ильича» ауылшаруашылық артелінде жемшөптің жеткіліксіз дайындалғандығынан, мал қораларының сапасыз жөнделгендігінен және күтімнің нашарлығынан өткен қыста көптеген мал шығыны болды. Мұның өзі колхозда негізгі түліктер —ірі қарамал мен қой өсірудің мемлекеттік жоспарының, сүт, жүн сияқты өнімдерді тапсыру жоспарының орындалмай қалуына әкелін соқты.

Колхоз басқармасы мен партия ұйымы өткен қыстың бұл ауыр сабағынан быйыл қажетті қорытынды шығармай отыр. Өткен жылғы кемшіліктердің быйыл да қайталану хауіпі бар. Колхозда жоспар бойынша 50 мың центнердің орнына, 17 мың центнер ғана пішен және әрбір сыйырға орта есеппен екі центнердей сүрленген азық дайындалған. Барлық дайындалған жемшөп март айына дейін ғана жетеді. Осыған байланысты егіннің сабанын мал азығы ретінде пайдалану керек еді, алайда оның көбі жыйналмастан аңыз үстінде қалып қойған.

Колхоз басшылары осы аз шөп пен сабанның өзін қоралар қасына тасып алу шараларын қолданбай отыр.

—Үлгере алмай жатырмыз, шөбіміз қар астында қалып барады, күшіміз жетпейді, МТС көмектеспейді, —дейді колхоз председателі Щербаков жолдас.

Егер істі дұрыс ұйымдастыра білсе, мұнда мүмкіншілік жоқ емес. Оған колхоздың төрт бригадасынан күн сайын 15-20-ақ пар көлік қана жұмыска пайдаланылатынын айтсақ та жеткілікті. Мұнда көлікке жегетін шаналардың көпшілігі өткен қыстан кейінгі апарылған жерлерінде жөнделмеген күйі жатыр. Бір Покровка селосындағы бригадада ғана онға жуық шана іске қосылмаған. Осының салдарынан қоралар қасына небары 800-дей центнер шөп тасылған. Ал, пішен тасушылардың күнделікті жеткізетін шөбі малдың бір күнгі жеуіне зорға жетеді. Колхоз Мамлют элеваторынан 40 тонна астық қалдықтарын, Петропавл спирт-арақ комбинатынан 100 тонна барда алуға шарт жасасқан еді. Бұлар осы күнге дейін тасылып алынған жоқ.

Мұнда мал, қоралары да қыска тұтел өзірленбеді. Бұзау үйінің төбесі осы күнге дейін жабылмай, малшылар толдерді тар қорада күтуге мәжбүр болуда. Жемшөптің таршылығынан колхоздың 200-ге жақын ірі қарамалы мен жылқысы Ленин ауданындағы «Бұлақ» колхозында қыстатуға апарылған еді. Олар жылы орынмен қамтамасыз етілмеген. Мұнда малды суаруда да көп қиындықтар бар, құдық жеткіліксіз.

Колхозда мал қыстатудың мұндай ауыр жағдайға ұшырағанының басты себептерінің бірі —еңбек тәртібінің нашарлығы болып табылады. Мұнда 40 адам еңбекқұн минимумын орындамаған. Тінті Шисле, Грос сияқты жолдастардың өзі жұмыска бір күн шықса, үш- төрт күн үйде жатады. Ал колхозшы Татьяна Жинова колхоз өндірісінен мүлдем қол үзген.

«Заветы Ильича» колхозында мал қыстату барысының қанағаттанғысыздығын Интернационал МТС-нің басшылары жақсы біледі. Бірақ олар кемшіліктерді жою жөнінде ешбір шара қолданбай отыр. Қазақстанның 15-не дейін колхозда шөп тасуға бірде- бір трактор қатыспаған. Ал трактор келгенде оған тіркейтін шанасы болмайды. Сонлықтан барлық шөпті трактор мая күйінде троспен сүйреп тасыйды. Мұның өзі көп шөптің шығын болуына әкелін соғуда.

Колхоз өткен жылы Мамлют жөндеу механикалық заводы жасаған бір азық буландырғыш алған болатын. Ол жұмысқа жарамсыз болып қалды. Оны жөндеуді ескерін жүрген не колхоз, не МТС басшылары жоқ.

Қыс өз күшіне толық енді. Енді еше «Заветы Ильича» колхозының басшылары мал қыстатудағы жоғарыда көрсетілген олқылықтарды дереу жою жөнінде шұғыл шаралар белгілеуге міндетті.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

ТӘЖРИБЕЛІ ЖЫЛҚЫШЫ

Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мүшесі Шәйжан Лақбаев жолдас алты жылдан бері колхоз жылқысын бағып келеді. Бұл мерзімнің ішінде оның алдынан бірде-бір бас мал шығын болып көрген емес. Быйыл Лақбаев жолдас 150 жылқыны қыстан аман шығарып, күйлі болу үшін малдың бағатын орындарын алдын-ала таңдап алған.

Колхоз басқармасы Лақбаев жолдастың қажырлы еңбегін бағалай отырып, оның жұмысына жеткілікті қамқорлық жасайды.

Қ. АСЫЛТАЕВ.

КИНО

„ҮЛКЕН СЕМЬЯ“

«Ленфильм» киностудиясы жасап шығарған жаңа «Үлкен семья» фильмі бүгінгі күннің тақырыбына, совет адамдарының бүгінгі жарқын, бақытты өмірін бейнелеуге арналған. Бұл картинаны көрген әрбір совет азаматы фильмнің тұтас желісінен де, тіпті жеке эпизодтарынан да өз өмірінің ұқсас мотивін елестеткендей болады, соған тебіренеді.

Фильмнің сценарийі В. Кочетовтың «Журбиндер» атты романы бойынша жазылған. Бірақ роман өз алдына. Сценарийшілер романның авторы В. Кочетов пен С. Кардың творчестволықпен үздік еңбек етуі нәтижесінде «Үлкен семья» дербес шығарма болып шыққан. Оның өзіндік салмағы, өзіндік ерекшеліктері бар.

Фильмнің ең негізгі идеясы—елімізде жұмысшы табының бүгінгі өмірін көрсету.Бұл идея кеме жасайтын завод жұмысшыларының, оның ішінде негізінен бір семья— Журбиндер семьясының төңірегінде шешіледі. Журбиндер семьясы—карт Матвейден бастап басқа да барлық мүшелеріне дейін завод өмірімен біте қайнасқан, заводтың өсуімен бірге өскен, гүлденіп, қанатын жайып, өркеңдеп келе жатқан семья. Фильм негізінен алғанда осы бір семьяға, үлкен семьяға, жұмысшылар семьясына арналған десе де болады. Алайда мұндағы айтылмақшы ойдың, ұлттық идеяның құлаңы әлдеқайда кең жатыр. Фильм осындай семьядан еліміздегі бүкіл жұмысшы табының ұлы семьясы құралатынын еске салады.

Сонымен, Журбиндер семьясының өмірі, дәлірек айтқанда, оның біртұтас кезеңі фильмге сюжеттік желі болып алынған. Бұл өмір сол семья жұмыс істейтін завод өмірімен қатар көрсетіледі, семья ішінде де, завод ішінде де оқыйға қатар, қабаттаса өрбиді. Бұл арада ешқандай да қарама-қарсылық жоқ, бұл кездейсоқ параллелизм емес, қайта олар бірін-бірі толықтырады. Завод Журбиндер семьясында өрбитін оқыйғаларға өң беріп, фон болып тұрған сыяқты.

Сценарийді жазғандар да, фильмді қоюшы да (И. Хейфец), режиссер де (С. Деревянский) бұл мәселені ойдағыдай шешкен. Соның нәтижесінде Журбиндер семьясының жеке мүшелерінің жеке мүдделері завод мүдделерімен, қоғамдық мүдделмен тығыз бірлікте, алшақсыз көрініп отырады.

. Матвей Дорофеевичті алайық. Ол —ең семьясында да, заводта да ең карт адам. Бүкіл өмірі заводпен бір өткен. Еңбексіз өмір оған жат секілді. Завод директоры Коковкин оған пенсияға шығуды ұсынбақ болғанда, Матвей карт мұны көңілінде ауыр алып қалады. «Жоқ... жоқ... заводсыз, одан тыс бір күн де өмір сүре алмаймын» дейді, тіпті оның көзіне мөлтілдеп жас та келіп қалады.

Матвей қарттың семьядағы өмірі де көрушіні толқытып, сүйсіндіріп отырады. Атап айту керек, жұртшылыққа белгілі актер С. Лукьянов Матвей Журбин бейнесін, оның ішкі сарайын психологиясын, терең сезімдерін жете аңғарта білген.

Фильмде өте жақсы шыққан кейіпкер—Ильяның монологтары да айқындай түседі. «Біз, әке, жұмысшы табымыз,—деді ол Матвей қартқа.—Ал жұмысшы табы деген, білгің келсе, бүкіл адамзат өмірінің негізі және бүкіл жер шарында да солай!» Тағы бір жерде ол былай дейді: «Жұмысшы табы—ол бүкіл адамзат өмірінің арқауы. Ол бүкіл , дуние жүзін айғайсыз, шусыз құрады, айғайсыз, шусыз тоймындырады, айғайсыз, шусыз киіндіреді!... Ең басты идея—қыйыншылықтардан тайсалмау, қайта білекті сыбана тастап өмір сүру!....»

«Үлкен семья» фильмінен кадр.

Міне, бұл сөздерде бүгінгі өмірдің зор шындығы, фильмнің негізгі идеясы, өзекті мәселесі қорытылған. Бұл—капиталистік қоғамның іргесін тас-талқан ететін, қанаушылық бұғауын быт-шыт үзетін, өмірді өз мүддесі, өз игілігі үшін өзгерте алатын зор күш болып табылатын дуние жүзілік пролетариаттың, оның алдыңғы қатардағы майдандастары—дуние жүзінде ең бірінші болып социализм орнатқан, енді коммунистік қоғамның жарқын болашағына Коммунистік партияның басшылығымен нағыз алға басып бара жатқан ССРО жұмысшылары өкілінің айбынды үні, қажымас жігері, берік сенімі толық, жан-жақты тартымды, нанымды болып шыққан.

Фильмде сондай-ақ Алексей Журбиннің (артист А. Баталов) оның сүйген қызы, бірақ адасып барып табысқан Катя Разниковаының (артистка Е. Добронравова) бейнелері де сәтті шыққан.

Алайда инженер Антон Журбин фильмде аз көрінеді. Заводтағы жаңалық, еңбек өнімділігі осы Антонның келуімен байланысты болған жоқ па! Завод өмірінде өзінің кемені құрастыру жөніндегі жаңа әдісімен өзгеріс енгізген де осы Антон той. Сондықтан оның іс-әрекетін жан-жақты көрсеткен орынды болар еді.

Сол сыяқты, фильм авторларының ескермеуінен фильмдегі басқа инженерлер де (Скобелев және Иванова) солтын көрсетілген.

Дегенмен мұндай болмашы ғана жетіспегендік өмір шындығын социалистік реализм тұрғысынан баяндайтын, әсресе жастар үшін көп тәрбие беررлік бұл фильмнің құндылығын әсте кеміте алмайды.

Фильмнің соңғы эпизоды тым-ақ әсерлі. Мұнда бүкіл завод коллективінің қажырлы еңбегінің нәтижесі көрінеді. Ан-

БҰҰ Бас Ассамблеясының IX сессиясы

Әлеуметтік, гуманитарлық және мәдени мәселелер жөніндегі комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 2 декабрь. (СОТА). 30 ноябрьде Әлеуметтік, гуманитарлық және мәдени мәселелер жөніндегі комитет информация бостандығы туралы мәселені талқылауға кірісті.

Қарар жобасын ұсынып, ССРО өкілі Г. Ф. Саксин информация бостандығы туралы мәселені қарағанда БҰҰ-ның органдары басшылыққа алуға тиісті негізгі міндеттерді белгілейтін БҰҰ уставының ережелері мен Бас Ассамблеяның қарарларын көрсетті. Мұндай міндеттер, деді Г. Ф. Саксин, бір жағынан, халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздіктің нығайтылуына, халықаралық ынтымақ пен халықтар арасындағы достық қатынастардың дамытылуына көмектесетін шындық хабарлардың таратылуына көмектесу, екінші жағынан—информация құралдарын соғысқа өршелендіру, халықтар арасында дүшпандық туғызу, сол сыяқты фашистік -нацистік көзқарастарды, нәсілдік және ұлттық ерекшеліктерді, өшпенділіктi және қорлаушылықты насихаттау мақсаттарына пайдалануға қарсы қиямыл жасау болып табылады.

Бұдан әрі совет делегаты радио хабарын таратуды бейбітшілік мүдделеріне пайдалану туралы халықаралық конвенция жөніндегі мәселеге тоқталды; бұл конвенцияны 1936 жылы Женевада ұлттар лигасына мүше мемлекеттер қабылдаған болатын. Саксин былай деп атап көрсетті: бұл конвенция бойынша, мемлекеттер бір елдің станциялары тарататын радио хабарларында соғысқа шақырудың, сол сыяқты келісуші екінші жаққа қарсы насихат жүргізудің болмауына бақылау жасауға міндеттенген болатын.

Конвенцияда, деп еске салды ССРО өкілі, радио хабарларын халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікке зиян келтіру үшін пайдалануға кедергі жасап, радио арқылы халықаралық оқыйғалар және басқалары туралы тек әбден анық хабарларды беруге көмектесуге бағытталған бірқатар статьялар бар. Алайда кәзіргі уақытта осы конвенцияның жағдайы, деп көрсетті Совет делегаты, едәуір белгісіз болып отыр. Жұртқа мәлім, ұлттар лигасының кейбір міндеттерін өзіне алып, БҰҰ осы келісімдерді кәзіргі жағдайлармен сай келтіру үшін тиісті шаралар қолданды. Осы мақсатпен бұл келісімдерге немесе конвенцияларға қажетті өзгерістер енгізген протоколдар жасалды. Бірақ радио хабарын таратуды бейбітшілік мүдделеріне пайдалану жөніндегі халықаралық конвенция жайында мұндай шаралар қолданылмады. Бұл конвенция туралы мәселені, деді, онан әрі Саксин экономикалық және әлеуметтік советтің XVII сессиясында ССРО мен Францияның делегациялары көтерген болатын. ССРО делегациясы өзінің бұл инициативасын Бас Ассамблеяның осы сессиясында қолдайды деп үміттенеді. Осыны негізге алып, ССРО делегациясы 1936 жылғы радио хабарын бейбітшілік мүдделеріне пайдалану туралы халықаралық конвенцияны жасауға қатысушылар болып табылатын немесе қатысушы бола алатын мемлекеттерден аталған конвенция бойынша ұлттар лигасы орындаған міндеттерді БҰҰ-ға тапсыруға келісуді сұрау жөнінде қарар жобасын ұсынады. Осыған сәйкес советтік қарардың жобасы БҰҰ Бас Ассамблеясына мынаны тапсырады:

а) осы мақсатпен 1936 жылғы радио хабарын бейбітшілік мүдделеріне пайдалану туралы халықаралық конвенция ұлттар лигасына жүктеген міндеттерді Біріккен Ұлттар Ұйымына тапсыру туралы протокол жасалсын;

е) протоколдың бұл жобасында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше және мүше емес, конвенция жақтаушылар болып табылмайтын, мемлекеттердің конвенцияға қатысу мүмкіндігін, сол сыяқты кәзіргі заманы жағдайлар тұғызып отырған қажетті заңды анықтаулар енгізу көздесін;

с) протоколдың жобасы 1936 жылғы конвенцияға қатысушыларға жіберілсін. Сол сыяқты экономикалық және әлеуметтік совет Бас Ассамблеяның X сессиясына осы протокол жобасы жөніндегі өзінің ұсыныстарын енгізе алуы үшін бұл жоба экономикалық және әлеуметтік советтің XIX сессиясына тапсырылатын болсын».

Саяси комитетте

НЬЮ-ЙОРК, 2 декабрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** Кеше күндізгі мәжлісте ССРО өкілі Я. А. Малик Саяси комитетте талқыланып отырған корей мәселесінің шын мәнісі жөнінде сөз сөйлеп, қарардың екі жобасын ұсынды: бұл жобалардың бірінде БҰҰ-ның байқау және Кореяны қалпына келтіру жөніндегі комиссиясын ажырату ұсынылады, ал екіншісінде корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы келісімге жету үшін таяу уақытта мүдделі мемлекеттердің кеңесін шақыру ұсынылады. Қарардың бірінші жобасында былай делінген: «Бас Ассамблея қаулы етеді: «БҰҰ-ның байқау және Кореяны қалпына келтіру жөніндегі комиссиясы ажыратылсын».

Қарардың екінші жобасында былай делінген: «Бас Ассамблея Кореяның ұлттық біріктірілуі және бейбітшілікті қамтамасыз ету мүдделері үшін корей мәселесінің неғұрлым тез шешілуі өте қажет деп есептеп, біртұтас, тәуелсіз және демократиялық корей мемлекетін құру негізінде корей мәселесін бейбітшілікпен реттеу туралы келісім жасалуына жету мақсатында тиісті мемлекеттердің онан әрі күш жұмсай беруі және осы мақсатпен таяу уақытта мүдделі мемлекеттердің кеңесін шақыру дұрыс деп табады».

ФРАНЦУЗ ПАРЛАМЕНТІНДЕГІ ОҢШЫЛ ПАРТИЯЛАР КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ӨЗГЕРТІЛУІНЕ ЖЕТУ

Индия-совет мәдениет қоғамы конференциясының аяқталуы

ДЕЛИ, 30 ноябрь. (СОТА). Делиде Индия—Совет мәдениет қоғамының конференциясы аяқталды. Конференцияның жұмысына шетелмен мәдениет байланысының Бүкілодақтық қоғамының академик Цицин бастаған делегациясы қатысты.

Индия — Совет мәдениет қоғамының соңғы екі жылда жүргізген жұмысы туралы қоғамның бас секретары Махмуд-Уз-Зафар баяндама жасады. Ол мұнымен қатар қоғамның міндеттеріне де толық тоқтады. Атап айтқанда, Совет Одағы туралы әдебиетті едәуір көп мөлшерде басып шығарудың, Делиде және штаттарда арнаулы кітапханалар ашудың және орыс тілін оқып үйренетін курстар ұйымдастырудың өте қажет екенін атап көрсетті.

Конференцияға қатысушылар мұнымен қатар бас секретардың радио арқылы орыс тілін үйрену сабақтары мен хабарлар беріп тұруды ұйымдастыру, студенттер жіберісін туруды ұйымдастыру, ССРО мен Индияның тұрмысын көрсететін көрмелер және Индия искусствосы мен сол өнерінің шығармаларының көрмелерін ұйымдастыру, мәдениет қайраткерлерінің делегацияларын жіберіп тұруды ұйымдастыру, тағы басқалары сияқты ұсыныстарын зор ықыласпен тыңдады.

Конференцияның барысында Индияның белгілі ғалымдары, әдебиетшілері және мәдениет қайраткерлері «кәзіргі кездегі Индия әдебиеті», «тіршіліктің пайда болуы және совет ғылымы», «ССРО-дағы халық ағарту системасы», «Индия—Совет қатынастарының тарихы», «ССРО-дағы индустрияландыру» деген және басқа тақырыптарда бірнеше лекциялар оқыды.

Конференция Индия-совет мәдениет қоғамының бүкілиндиялық советін Индияның көрнекті 98 мәдениет қайраткерлерінің құрамында сайлады. Доктор А. В. Валига қоғамның председателі болып, Махмуд-Уз-Зафар қоғамның бас секретары болып қайта сайланды.

ҚЫТАЙДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ ТЫҢ КӨТЕРУДЕ

ПЕКИН, 2 декабрь. (СОТА). Қытайдың мемлекеттік шаруашылықтарының егіс далаларында барған сайын көптеген жаңа ауылшаруашылық машиналары жұмыс істеуде. Мұндағы мемлекеттік шаруашылықтардың саны 1954 жылғы сентябрьде 110-ға дейін көбейді. Мемлекеттік шаруашылықтар жаңа ауылшаруашылық техникасының көмегімен бұған дейін пайдаланылмай келген тың және тынайған жерлерді көтеруде.

«Женьминьжибао» газетінің хабарына қарағанда, бір ғана Хэйлунцзян провинциясының механикаландырылған 18 мемлекеттік шаруашылығы биылғы жылы 160 мың мудан (1 му 0,06 гектарға тең) аса тың және тыңайған жер игерді.

Елдің мемлекеттік шаруашылықтары кәзір жыртуға жарамды 140 мың гектар жер өңдеуде. Бірінші бесжылдықтың ая-

Матвей қарттың баласы, бірақ өзі де бірнеше баланың әкесі, бірнеше немеренің атасы болып қалған, заводтағы қарт жұмысшының бірі, стапель участогінің бастығы Илья Матвеевич Журбин. Бұл рольде ойнаушы актер Б. Андреев өзінің мол талантын, зор қабілетін тағы да көрсетті. Зор денелі, қаһарлы, айбынды, тас-талқан ашушақ, бірақ одан тез қайтқыш Илья Журбин өзінің бүкіл тұлғасымен, рухани дүниесінің байлығымен бүкіл жұмысшы табының бейнесін елестеткендей болады. Муны Матвей қарт сыяқты, Ильяға да завод, ондағы қайнаған еңбек тамақ ішу, киіну қандай қажет болса, бұл да сондай өмірлік қажет іске айналған. Қарт жұмысшыны заводта технологиялық жаңа процестің енуіне байланысты өзінің мол тәжрибесі енді «өндіріске қажет болмай қалады-ау» деген қате күдіктің өзі қатты толғандырады, қынжылтады. Өзінің техникалық білімінің аздығына өкінеді. Сондықтан институтты жаңа ғана бітіріп келген жас инженер Ивановадан сабақ алып, білімін толықтыруға кіріседі. Осының бәрі—коммунистік саналылықтың айғағы.

Семья ішінде Илья Журбиннің мінез-құлқы, іс-әрекеті, ішкі дүниесі әлдекайда тоқ Журбиннің әдісі бойынша құрастырылған алғашқы кемені суға түсіру салтанатты басталады. Міне, кеме де біртебірте суға түсірілді. Оның бортында «Матвей Журбин» деген жазу бар. Бұл—заводтың ең қарт жұмысшысы құрметіне қойылған ат. Ал Матвей қарт болса, Журбиндер семьясының ең кішкене өкілі, өзінің бір жасар немересі Матвейді жоғарырақ көтеріп ұстап тұр. Немересіне: «бұл сенің де кемең, болашақ сенікі»—деп тұрғандай, Матвей қарт. Қарт Матвей мен бала Матвей Журбиндердің осы тұрысы көз алдыңнан кетпейді, үздіксіз өмірдің экраннан тыс жалғасын елестетеді...

Д. ӘУЕЛБЕКОВ.

Машинистер мен диспетчерлердің ынтымағы

Макушин станциясында паровоз машинисі Петелин жолдас селекторға келді де Макушин участогінің диспетчері Мухин жолдасты шақырып алып, ауыр жүк тиелген локомотивті Петропавл станциясына дейін өткізуді қалай ұйымдастырасыз деп сұрады.

—Нормадан 1500 тонна артық жүк тиелген поезд алып баруға міндеттеме алдым,—деді Петелин, — сондықтан Петропавл станциясына дейін мен алып жүретін поезды жолда тоқтатпай өткізіп жіберуді сізден сұраймын.

Диспетчер машинистің тілегін қанағаттандырды. Көп жүк тиелген поезд жолда ағып келеді. Машинист паровоздың жүрісін байқап, төңірекке көз жіберіп, жасыл сәуле берген светофорларға қанағаттанған түрмен қарайды. Поезд жолда қосымша су алуға да тоқтаған жоқ. Техникалық жылдамдығы берілген тапсырыстан артық, отын ысрабы жоқ. Сөйтіп, ауыр жүк тиелген поезд Петропавл станциясына расписаниеде көрсетілгендегіден 12 минут бұрын келді.

Сол сыяқты, локомотивтің техникалық жылдамдығын едәуір арттырып, жолда тоқтамастан көп жүк тиелген поезды машинист Антясов жолдас та Петропавлға дәл уақытында жеткізді. Сол күні Есіл көл участогінің диспетчері Саплинов жолдас ауыр жүк тиелген составты Петропавлдан алып шыққан машинист Полуночевке жасыл көше беруді қамтамасыз етті. Осының нәтижесінде нормадан тыс 560 тонна жүк тиелген составты Полуночев жолдас станцияға мерзімінен бұрын алып келді.

Сол күні жол бөлімшесінің поезд диспетчерлері Мухин және Саплинов жолдастар паровозшылармен, вагоншылармен және кондукторлармен бірлесе отырып, таңертеңгі аз уақытта ауыр жүк тиелген кеп поезды өткізуді қамтамасыз етті.

А. ТОҚТАМЫСОВ.

ЖАСТАР МӘДЕНИЕТТІ ДЕМ АЛУДА

Каганович атындағы колхоздың (Совет ауданы) комсомол- жастары колхозда еңбекшілердің мәдени демалыстарын ұйымдастыруға жеткіліксіз көңіл бөлінбегендігін көрсетіп, колхоз партия ұйымының алдына бірнеше рет мәселе қойған болатын. Бұдан кейін колхоз партия ұйымы жастардың дабылын талқылай отырып, еңбекшілердің мәдени- тұрмыс қажеттерін өтеуде орын алған кемшіліктерді жоюдың нақтылы шараларын белгіледі. Колхоз басқармасы клубты жабдықтауға жеткілікті қаражат бөлді.

Клуб үйін жабдықтауды комсомолцтердің өздері қолға алды. Олар Сбитнева, Мисюрина жолдастардың басшылығымен клуб үйін жөндеп қайтадан жабдықтады. Қажетті отынмен толық қамтамасыз етті. Сөйтіп, клуб жақсы жұмыс істей бастады. Клуб жанында драма кружогі жұмыс істейді. Үйірме мүшелері колхозшылар алдында бірнеше рет концерт беріп, пьеса көрсетті. Сол сыяқты, клуб жанында шахмат, дойбы секциясы ұйымдастырылған. Оның жұмысына колхозшылар көптеп қатысуда.

В. ЛИЗУН.

МТС-тегі лекторлар тобы

Коновалов МТС-інде 9 адамнан құрылған лекторлар тобы жұмыс істейді. Оның құрамына станцияның мамандары—агрономдар, механиктер, инженерлер және зоотехниктер енгізілген. Топтың лекция оқу жоспары жасалып, оның орындалуын МТС партия ұйымы үнемі бақылап отырады. Олар көзірдің өзінде механизаторлар мен жұмысшылардың алдында «Ғылым және дін», «Советтік сот системасы—ең демократиялық система», «Халықаралық жағдай» тақырыптарында лекциялар оқыды.

А. КУЛИКОВ.

Механизаторлар диплом қорғады

Механизаторлардың өз мамандықтарын арттыруға, арнаулы техникалық білім алуға деген ынтасы жыл сайын арта түсуде. Олардың көпшілігі өндірістен қол үзбей-ақ сырттан оқып, қалаған мамандықтарын алуда. Сырттан оқыйтын механизаторлардың тілегін қамтамасыз етуге қаладағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумында көп көңіл бөлінген. Мұнда жыл сайын ондаған механизаторлар сырттан оқып, техник-механик мамандығын алып шығуда.

Жақында техниканың сырттан оқыту бөлімінде оқыйтын 25 адам мемлекеттік емтиханды ойдағыдай тапсырып, диплом қорғап шықты. Сөйтіп олар техник-механик мамандығына ие болды. Олардың ішінде Петропавл МТС-нің комбайншысы М. Ким, Приешім МТС-нің жұмысшысы Т. Шатунова, Шағын двигательдер заводының жұмысшысы В. Шевченко, Киров атындағы совхоздың механигі Куликов жолдастар бар. Бұлардың барлығы да облысымыздың МТС-тері мен совхоздарына өз мамандықтары бойынша жұмысқа тағайындалды.

В. ШЕВЧУК.

ҮЛГІЛІ САТУШЫ

Приешім ауданындағы «Бостандық» колхозының колхозшылары Ново- Михайловка селолық тұтынушылар қоғамының осы колхоздағы дүкенінде сатушы болып істейтін Кәкім Абдрахманов жолдастың еңбегін ерекше қадырлейді. Бұл орынды да. Өйткені Абдрахманов жолдас дүкенде сатушы болып істеген мерзімнің ішінде еңбекшілерді көпшілік қолды товарлармен қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп келеді. Ол сауда жұмыстарын тек дүкенде ғана ұйымдастырып қоймай, жазғы жұмыстар кезінде бригадалар бастарында, фермаларда жұмыс істеп жүрген колхозшыларға қажетті товарларды үнемі апарып отырды. Үлгілі сатушы дүкеннің товар айналымының айлық жоспарын 120 проценнтен орындап жүр.

Ж. ТӘШЕНОВ.

ҮШІН ӘРЕКЕТТЕНУДЕ

ПАРИЖ, 30 ноябрь. (СОТА). Франциялық ұлттық жыйналысының кешегі мәжілісінде депутат-коммунист Робер Балланже конституциялық реформаның жобасын катты сынап сөз сөйледі. «Үкмет тұрақтылығының» жоқтығына Францияның қазіргі конституциясы себеп болып отырмыс деген оңшыл партиялардың дәлелдерін әшкерелей келіп, Балланже былай деп мәлімдеді: «Үкметтің саясаты мен Францияның мүдделері арасында алшақтық болатын кездің бәрінде де, еңбекшілердің бейбітшілік пен прогреске ұмтылушылығына қарсы әрекет жүргізу үшін саяси қулық-сұмдықтар қолданылатын уақыттың бәрінде де, елдің азшылығының ғана өкілі болып отырған парламенттік көпшілік елге жұмысшы табының қатысуынсыз және оған қарсы басшылық жүргізуге әрекеттенетін уақыттың бәрінде үкметтің тұрақсыздық жағдайы жойылмайтын болады... Конституцияны емес саясатты өзгерту қажет.

Ұлттық жыйналыстың көпшілігі кеше конституцияға енгізілген мынадай өзгертулерді мақұлдады: бұрын ұлттық жыйналыс жариялайтын қорғау жағдайын енді үкметтің жариялайтындығы туралы; екі палатаның бюросын сайлаған кезде парламенттік топтардың провинциялық өкілдігінің принципін жою туралы; ұлттық жыйналыстың төтенше сессиясын бұрынғыдай депутаттар құрамының 1/3 емес, депутаттардың көпшілігінің талап етуі бойынша шақыру туралы; сессиялар аралығындағы кезде парламенттік қолдаудың күшін жою туралы; үкмет басшысының өкілдіктерін бұған дейінгідегідей конституциялық 316 дауыс көпшілігімен емес, жай көпшілікпен бекіту туралы.

Конституцияның парламенттің екі палатасы арасындағы қатынастар туралы статьяларын талқылау бүгін мәжілісе қалдырылды. Реформаның жобасын түгелдей даусқа қою да бүгін болуға тиіс.

рына дейін 1955 жылы жыйналатын ауруашылықтағы егіс көлемі 800 мың гектарға дейін ұлғаяды.

ГДР АЙМАҚТАР ПАЛАТАСЫНЫҢ БІРІНШІ МӘЖІЛІСІ

БЕРЛИН, 30 ноябрь. (СОТА). Берлинде Герман Демократиялық Республикасының аймақтар палатасының бірінші мәжілісі болды, аймақтар палатасына округтік халық жыйналыстарының 50 өкілі мен Үлкен Берлиннің халық өкілдігінің 13 өкілі кірген.

АДН агенттігінің хабарына қарағанда, доктор Р. Лобеданц (ХДС) аймақтар палатасы президиумының председателі болып бірауыздан қайта сайланған.

Аймақтар палатасы өзінің мәжілісінде халықтық палата қабылдаған ГДР Министрлер советінің құрамы туралы заңды мақұлдады.

Редактор Г. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ДҰШПАННЫҢ ІЗІМЕН»

Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Облыстық «АВТОТЭК» Қазақ ССР автомобиль транспорты министрлігінің бұйрығы негізінде 1955 жылғы 1 январьдан бастап қалалық ұйымдарға келген барлық жүктер—тас көмір, әртүрлі құрылыс материалдары және қалада пайдалануға арналған, облыс аудандарына баратын автомашиналармен жеткізуге жатпайтын басқа да жүктер ССРО Халық Комиссарлары Советінің 1943 жылғы 4 марттағы 235 номерлі қаулысына сәйкес «АВТОТЭК»-тің кіре беріс жолына қабылданбайтындығын қалалық ұйымдардың есіне салады.

«Главмукаға» тәжрибелі машинистка, моторшылар, күзетшілер, жұмысшылар керек.

Адрес: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдеппет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02908.

Қазақ ССР Мәдеппет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.